



Бекітемін
«Жарқын шақ» бөбекжай балабақшасы»
ЖШС-ның меңгерушісі
Ж. Кунбаева

«Қарлығаш» ересек топқа арналған
Вариативтік компонент жоспары «Ритмика»
2021-2022 оқу жылы

	Мазмұны	мақсаты	Сағат саны	мерзімі
1	Салтанатты адым	Балаларды полька биінің адымымен таныстыру; бүйірлік қадам жасау кезінде қол мен аяқ үйлесімділігін сақтай білуге үйрету; полька биіндегі қимылды әуенге сай жасау дағдыларына жаттықтыру.	2	2\9.09
2	Қамажай	Балаларды "Қамажай" биінің қолға және аяққа арналған қимылдарын жасай білуге үйрету; ұл балаларды бірінің артынан бірі кезек адымын жасай жүріп, аяқтарын ырғақты қозғау дағдысына жаттықтыру; қазақ биіне деген қызығушылықтарын арттыру.	2	16/23.09
3	Жұптасып шеңбер бойымен қозғалу	Балаларды полька биінің адымымен таныстыру; бүйірлік қадам жасау кезінде қол мен аяқ үйлесімділігін сақтай білуге үйрету; полька биіндегі қимылды әуенге сай жасау дағдыларына жаттықтыру. Сөздік жұмыс	2	30.09/7.10
4	Серіппелі адым	Балаларды серіппелі адым түрімен таныстыру; серіппелі адымның басқа адымнан айырмашылығын түсіндіре отырып, дұрыс жасай білуге үйрету; музыка мен қимылдың үйлесімділігін сақтай білуге дағдыландыру.	2	14/21.10
5	Аяқты өкшеге кезектестіріп қойып, топылдату	Балаларды аяқты өкшеге кезектестіріп қойып, топылдату қимылымен таныстыру; топылдату қимылын ырғақты жасай білуге үйрету; аяқты өкшеге кезектестіріп қойып, топылдату қимылын әуенге сай жасауға жаттықтыру.	2	28.10/4.11
6	Бауырсақ" ертегісі мюзиклі	Балаларды түзу бағытта адымдап жүру қимылымен таныстыру; адым жасау кезінде қол мен аяқ үйлесімділігін сақтай білуге үйрету; түзу бағытта адымдап жүру қимылын әуенге сай жасау дағдыларына жаттықтыру.	2	11/18.11

7	Музыка ырғағына сай қолды шапалақтау	Балаларды музыка ырғағына сай қолды шапалақтау түрлерімен таныстыру; шапалақтау кезінде әуендегі ырғақты сезіне білуге үйрету; музыка мен шапалақтың әуенге сай үйлесімді болуын қадағалау.	2	25.11 2.12
8	Қара жорға биі	Балаларды "Қара жорға" биінің қимылдарымен таныстыру; қимылды жасау кезінде қол мен аяқ үйлесімділігін сақтай білуге үйрету; музыка мен қимылдың әуенге сай болуын естен шығармауын қадағалау.	2	9/23.12
9	Тыпырлаған аяқтар	Балаларды аяқты тыпырлату қимылымен таныстыру; аяқты тыпырлату кезінде табанды жерге толық тигізе білуге үйрету; музыка мен қимылдың үйлесімділігін сақтай білуге дағдыландыру.	2	30.12/6.01
10	Жыл басына таласқан хайуанаттар	Балаларды хайуанаттардың жүру қимылымен таныстыру; сахналық қойылым кезінде хайуанаттар қимылын жасауда олардың кейпін бере білуге үйрету; әр кейіпкер сөзін жатқа айта білуге жаттықтыру.	2	13/20.01
11	"Шалқан" ертегісінің музыкалық сахналық қойылымы	Балаларды ертегідегі кейіпкерлердің жүру қимылымен таныстыру; сахналық қойылым кезінде шығармашылық қабілеттерін дамыту; әр кейіпкердің мінез-құлқын ертегі мазмұнына сай жасау дағдыларына жаттықтыру.	2	27.01/3.02
12	Шығармашыл баламыз	Балаларды кез келген кейіпкердің қимылдарын өздігінен шығармашылықпен жасай білуге үйрету; басталған қимылдың жалғасын өз шығармашылығымен аяқтауға жаттықтыру; өз қабілеті мен шығармашылығына ризашылық сезімін арттыру.	2	10/17.02.24
13	Галоп биі	Балаларды галоп биінің адымымен таныстыру; жұппен бүйірлік қадам жасау кезінде қол мен аяқ үйлесімділігін сақтай білуге үйрету; галоп биіндегі қимылды әуенге сай жасау дағдыларына жаттықтыру.	2	24.02/3.03
14	Қош келдің,	Балаларға Наурыз айының шығыс	2	10./17.03

	Наурыз!	халықтарында жыл басы саналатындығы туралы түсінік беру; Наурыздың 22 - сінде күн мен түннің теңелетіндігі және күннің ұзарып, түннің қысқаратындығы жайлы білімдерін кеңейту; ұлттық салт-дәстүрлерді құрметтеп, оларды мақтан тұтуға тәрбиелеу.		
15	Шоқырақтау адымы	Балаларды шоқырақтау адыммен таныстыру; шоқырақтау адымның басқа адымнан айырмашылығын түсіндіре отырып, дұрыс жасай білуге үйрету; музыка мен қимылдың үйлесімділігін сақтай білуге дағдыландыру.	2	24/31.03
16	Табиғат ғажайыптары	Балаларды әңгімедегі кейіпкердің қимылдарын өздігінен шығармашылықпен жасай білуге үйрету; басталған қимылдың жалғасын өз шығармашылығымен аяқтауға жаттықтыру; өз қабілеті мен шығармашылығына ризашылық сезімін арттыру.	2	7/14.04
17	Әскери адым	Балаларды әскери адым түрімен таныстыру; адымдау кезінде қол мен аяқ үйлесімділігін сақтай білуге үйрету; музыка мен қимылдың әуенге сай болуын естен шығармауын қадағалау.	2	21/28.04
18	"Маусымжан" ойын-сауық отауы	Балаларды "Маусымжан" ойын-сауық отауына арналған қимылдарды жасай білуге үйрету; қыз балаларды бірінің артынан бірі кезек адымын жасай жүріп, аяқтарын ырғақты қозғау дағдысына жаттықтыру; "Маусымжан" ойын-сауық отауына қызығушылықтарын арттыру.	2	5/12.05
19	«Айгөлек» биі	Айгөлек» халық биінің сипатымен мазмұнын түсіндіру. Би қимылының таза орындалуының «Айгөлек» әнінің сөзін дұрыс тыңдап музыкаға еріп отыру би қимылын қалыптастыру. Жаңа би қимылдарын есте сақтай отырып, жүріс тактілері арқылы би қимылдарын үйрету. Бала бойына музыкалық тәрбие мен қатар би ерекшеліктерін өнер тілімен жеткізу.	2	19/26.05

Тақырыбы «Салтанатты адым»

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды адым түрлерімен таныстыру; адымдау кезінде қол мен аяқ үйлесімділігін сақтай білуге үйрету; музыка мен қимылдың әуенге сай болуын естен шығармауын қадағалау.

Сөздік жұмыс

"Адым", "салтанатты адым", "музыка мен қимыл", "сымбат" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Сәлемдесу, түсіндіру, дене қыздыру жаттығулары, көрсету, қайталау, жаттығу, жаттықтыру, пысықтау, үлгі ету, ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, арнайы киімдер, адым туралы суреттер мен бейнебаян көрсету, кішкентай құрсаулар

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Әр балаға кішкентай құрсаулар

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу

Педагог:

- Балалар, бәріміз менімен бірге үлкен әдемі шеңбер жасап тұрамыз.
- Балалар, бақшаға қош келдіңдер! Бақшамызбен амандасып алайық!
- Енді менімен бірге қимылдарды қайталаймыз.
- Жарық біздің күніміз (қолдарын жоғары көтереді),
- Жарасады үніміз (қол білезіктерін айналдырады)

1

- Би биейтін, ән салып (алақандарын жанына жіберіп жаяды),
- Біз өмірдің гүліміз! (орындарында тұрып, айналады)
- Бақшамыздан арайлы (қолдарын жоғары көтереді),
- Таң шапағы тарайды (қолдарымен ирек жасайды).
- Күн де күліп бақшаға (қолдармен күн бейнесін көрсетеді),
- Сәлем жолдап, қарайды! (иіліп, тәжім етеді)
- Жарайсыңдар, балалар!

1.2. Педагог балалардың назарын өзіне аударып:

- Балалар, шеңбер бойымен біріміздің артымыздан біріміз музыка әуенімен жүреміз.
- Мен ортада тұрып, қимылдарды қайталап, көрсетіп тұрамын.
- Балалар, шеңбер бойымен жүргенде денемізді тік ұстап, басымызды жоғары көтеріп жүреміз, қол мен аяқ үйлесімділігін қатаң сақтаймыз, келістік пе?
- Балалар, өздерің әдемі, денелерің сымбатты болғанын қалайсыңдар ма? Олай болса, музыка әуенімен жүреміз.

Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз

1.3. Педагог:

- Балалар, шеңбер бойымен адымдап жүргенде қол мен аяқ үйлесімділігін дұрыс сақтамадыңдар.
- Балалар, мына суретке қарандаршы, сендер сияқты балалар, денелерін түзу, бастарын тік ұстап, тізелерін бүкпей, аяқтарын жоғары көтеріп, адымдап бара жатыр.
- Ал, мына суретке қарасандар, балалар, әскерлер сияқты сапта адымдап бара жатыр.
- Балалар, біз осы балалардан да жақсы адымдап үйренуіміз керек!

2

1

4

- Кәне, бәріміз әуенсіз адымдауды орнымызда тұрып қайталайықшы!?

- Балалар, бастапқы қалыпты ұстаймыз: денеміз түзу, басымыз тік, аяғымыз бір-бірінен сәл алшақ, қатар тұрады.

- Адымдау үшін алдымен сол аяқты көтереміз, сол қолымызды артқа түзу ұстаймыз, оң аяғымыз орнында, оң қолымызды бүгіп, көкірек тұсымызға әкелеміз.

- Енді, оң аяқты көтереміз, оң қолымызды артқа түзу ұстаймыз, сол аяғымыз орнында, сол қолымызды бүгіп, көкірек тұсымызға әкелеміз. Осылай кезек-кезек үштік өлшемде адым жаттығуларын жасаймыз. Тағы да қайталаймыз.

- Балалар, бәрің бірге денемізді тік ұстап, басымызды жоғары көтереміз, қол мен аяқ үйлесімділігін қатаң сақтаймыз, келістік пе? Орнымызда тұрып, менің санауым бойынша адымдаймыз. Бастаймыз, 1, 2, 3.

- Енді, балалар, музыка әуенімен орнымызда тұрып адымдайықшы?!

Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Педагог балалардың назарын тағы да тақтаға аударады:

- Балалар, тағы да тақтаға қараймыз, өздерің сияқты басқа балабақша балаларының әскери және салтанатты адымдарын көрейікші?!

Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз

- Балалар, егер, сендер адымдауды үйреніп алсаңдар, бейнебаяндағы балалардан да жақсы адымдайтын боласыңдар, солай ма?

- Балалар, бәрің өз құрсауларыңның ішінде тұрасыңдар, бір-біріңе кедергі жасамайтындай арақашықтықты сақтаймыз.

- Балалар, бастапқы қалыпты ұстаймыз: денеміз түзу, басымыз тік, аяғымыз бір-бірінен сәл алшақ, қатар тұрады.

- Адымдау үшін алдымен сол аяқты көтереміз, сол қолымызды артқа түзу ұстаймыз, оң аяғымыз орнында, оң қолымызды бүгіп, көкірек тұсымызға әкелеміз.

3

- Енді, оң аяқты көтереміз, оң қолымызды артқа түзу ұстаймыз, сол аяғымыз орнында, сол қолымызды бүгіп, көкірек тұсымызға әкелеміз. Осылай кезек-кезек үштік өлшемде адым жаттығуларын жасаймыз. Тағы да қайталаймыз.

- Кәне, бәріміз орнымызда тұрып, құрсаудың ішінде әуенсіз адымдауды қайталайықшы!? Жарайсыңдар, балалар.

- Енді музыка әуенімен құрсаудың ішінде адымдаймыз

Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз

- Тамаша, балалар, енді құрсауды қолымызға аламыз.

2.2. Құрсаумен музыкалық-ырғақтық қимылдар

Педагог балалардың назарын аударып:

- Балалар, сол құрсаумен тұрған жерлеріңде әуенмен музыкалық-ырғақтық қимылдар жасаймыз.

- Әуен басталмас бұрын жасалатын ырғақтық қимылдарды қайталап алайық.

- Әуеннің алғашқы музыкалық такт кезінде құрсауды екі қолымызбен жоғары ұстап, өзімізді айналдыра үш рет қимыл жасаймыз.

- Келесі қимыл құрсауды екі қолымызбен жоғары ұстап, алдымен солға, содан кейін оңға кезек-кезек иіп, алты рет қимыл жасаймыз.

- Енді, келесі қимыл құрсауды жерге қойып, үш рет солға, үш рет оңға жүріп айналамыз.

- Келесі қимыл құрсаудың ішінде тұрып алақанымызды жоғары қаратып, ырғақпен жанымызға созамыз, саусақтарымызды бос ұстаймыз, алақанымызды төмен қаратып, көкірек тұсымызға алып келеміз, қимыл жанымызға үш рет,

алдымызға үш реттен алты рет қайталанады.

- Әуеннің соңғы тактіңде құрсауларды оң қолымызға ұстап, сол қолымызды белімізге қойып, салтанатты адыммен шеңбер жасап жүреміз.

- Балалар, жаңағы қимылдарды әуен басталмай тұрып, тағы да қайталап аламыз. Қимылдарды іштей санау арқылы орындаймыз.

- Енді, балалар, музыка әуенімен орындаймыз. "Балабақша" әніне билейміз.

Тақырыбы: «Қамажай»

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды "Қамажай" биінің қолға және аяққа арналған қимылдарын жасай білуге үйрету; ұл балаларды бірінің артынан бірі кезек адымын жасай жүріп, аяқтарын ырғақты қозғау дағдысына жаттықтыру; қазақ биіне деген қызығушылықтарын арттыру.

Сөздік жұмыс

"Қамажай", "сырға", "білезік", "толқын", "кезек адымы" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Релаксация, түсіндіру, дене қыздыру жаттығулары, көрсету, қайталау, жаттығу, жаттықтыру, пысықтау, үлгі ету, ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, арнайы киімдер, "Қамажай" биінің қимылдары туралы суреттер мен бейнебаян көрсету, кішкентай орамалдар, қыз балаларға қағаздан жасалған ілме сырғалар

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Әр балаға кішкентай орамалдар, қыз балаларға қағаздан жасалған ілме сырғалар

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Релаксация "Қайық"

- Балалар, бүгін бәрің әдемі болып кетіпсіңдер ғой!
- Балалар, кәне, бәріміз шеңбер жасап, кілемге жайғасайық!
- Енді менімен бірге қимылдарды қайталаймыз.

1

- Музыка әуенімен бірге сөздерін тыңдай отырып, қимылды қайталаймыз.

Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз

- Қайық қалай алға-артқа тербеледі екен, көрсетейікші?

- Қолымызды алдымызға созып, қолды сыртқа айналдырып, алға сермеу қимылдарын жасаймыз.

- Қалай тербелеміз?

- Кеудемізді жоғары көтеріп, иығымызды оң және солға ырғақты қимылдатып, жаттығулар жасаймыз.

- Басымызды оңға және солға ырғақты қимылдатамыз.

- Жарайсыңдар, балалар!

1.2. Салтанатты адым жаттығуын қайталау

- Балалар, денемізді бос ұстап, ақырын шеңбер жасап жүреміз.

- Балалар, біз алдында қандай адым жаттығуын жасап үйрендік?

- Балалар, салтанатты адымда денемізді түзу, еркін ұстап, тіземізді жоғары көтере жүріп, адымдаймыз.

- Адымдау үшін алдымен сол аяқты көтереміз, сол қолымызды артқа түзу ұстаймыз, оң аяғымыз орнында, оң қолымызды бүгіп, көкірек тұсымызға әкелеміз.

- Енді, оң аяқты көтереміз, оң қолымызды артқа түзу ұстаймыз, сол аяғымыз орнында, сол қолымызды бүгіп, көкірек тұсымызға әкелеміз. Осылай кезек-кезек үштік өлшемде адым жаттығуларын жасаймыз. Тағы да қайталаймыз.

- Кәне, орнымызда тұрып, қайталаймыз, қол мен аяқ үйлесімділігін сақтаймыз.

Енді шеңбер жасай жүріп, музыкасыз қайталаймыз.

- Балалар, салтанатты адымды музыка әуенімен жасауға дайынсыңдар ма?

Ендеше, бастаймыз.

Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз

- Жарайсындар, балалар, үйден жаттығуды қайталағандарың байқалып тұр.
1.3. Педагог балалардың назарын тақтаға аударады:

2

- Балалар, бүгін "Қамажай" биінің қимылдарын жасауды үйренеміз.

Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз

- Балалар, мына суретке қараңдаршы, сендер сияқты қыз балалар "Қамажай" биін билеп жатыр.

- Балалар, бүгін қыз балалар "Қамажай" биінің қолға арналған қимылдарын, ал ұл балалармен бірге аяққа арналған қимылдарын жасауды үйренеміз.

- Кәне, бәріміз орнымыздан тұрып, шеңбер бойымен біріміздің артымыздан біріміз тұрамыз.

- Балалар, бастапқы қалыпты ұстаймыз: денеміз түзу, басымыз тік, аяғымыз бір-бірінен сәл алшақ, қатар тұрады, қолымызды белімізге қоямыз.

- Бұл қимыл "кезек адымы" деп аталады. Кезек адымын жасау үшін алдымен сол аяқты алға қойып, оң аяқтың ұшын артқа тірейміз, енді оң аяқты алға қойып, сол аяқтың ұшын артқа тірейміз, осы қимылды алға жылжу арқылы кезек-кезек қайталап отырамыз.

- Кәне, балалар, музыка әуенінсіз өзіміз тағы да қайталайықшы?!

- Енді, балалар, музыка әуенімен кезек адымын жасап жүреміз

Әуенді тыңдау және бейнелерді көру үшін QR-кодты сканерлеңіз

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Педагог балалардың назарын өзіне аударып:

- Балалар, ұл балалар мен қыз балалар екі топқа бөлінеміз.

- Ұл балалар, сендер аяққа арналған кезек адымын жасауды білесіңдер, қыз балалар қолға арналған жаттығуларды жасап жатқан кезде, ұл балалар кезек адымын жасайтын боласындар, келістік пе?

- Балалар, бәрің өз орындарыңда тұрасындар, бір-біріңе кедергі жасамайтындай арақашықтықты сақтаймыз.

- Ұл балалар, бастапқы қалыпты ұстаймыз: денеміз түзу, басымыз тік, аяғымыз бір-бірінен сәл алшақ, қатар тұрады.

- Естеріңе тағы да салайын, кезек адымын жасау үшін алдымен сол аяқты алға

3

Жұптасып шеңбер бойымен қозғалу

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды полька биінің адымымен таныстыру; бүйірлік қадам жасау кезінде қол мен аяқ үйлесімділігін сақтай білуге үйрету; полька биіндегі қимылды әуенге сай жасау дағдыларына жаттықтыру.

Сөздік жұмыс

"Жарты адым", "бүйірлік қадам", "жылдам жүру", "қол ұстасып, айналып жүру" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Психогимнастика, түсіндіру, дене қыздыру жаттығулары, көрсету, қайталау, жаттығу, жаттықтыру, пысықтау, үлгі ету, ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, арнайы киімдер, "Полька биі" туралы суреттер мен бейнебаян көрсету, жасанды жапырақтар

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Әр балаға жасанды жапырақтар

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Психогимнастика

Педагог:

- Балалар, бүгін бәрің құлпырып кетіпсіңдер!
- Көңіл-күйлерің керемет екені бет-әлпеттеріңде тұр!
- Бәрің өздеріңді жақсы көресіңдер ме?
- Олай болса, өзімізді қалай жақсы көретінімізді көрсетейікші!
- Қолдарым менің әдемі (қолдарын жоғары көтереді),
- Мың бұралып билейтін (қол білезіктерін айналдырады)
- Көздерім менің әдемі (алақандарымен көздерін басады),
- Күлімдеп, бәрің көр дейтін! (кірпіктерін қағады)
- Аяқтарым әдемі (аяқтарын өкшеге қояды),
- Топылдатып билейтін (аяқтарын топылдатады).
- Белім менің әдемі (қолдарымен белін ұстайды),
- Талшыбықтай билейтін! (денелерін қимылдатады)
- Жарайсыңдар, балалар!

1.2. Педагог балалардың назарын өзіне аударып:

- Балалар, бүгін біз жұптасып шеңбер бойымен қозғалу қимылдарын жасап үйренеміз. Мұндай қимылдар полька биінде жиі кездеседі.
- Полька - чех халқының ұлттық биі. Жылдам екпінмен, шағын адыммен билейтін би, музыкалық өлшемі 2/4. Польканы екі адам немесе одан да көп шеңбер бойын айнала билейді.
- Балалар, алдымен мына суретке назар аударайықшы?! Кімдерді көріп тұрсыңдар?
- Қыз бала мен ер бала билеп жатыр екен. Қыз бала мен ер бала "Полька биін" билеп жатыр.
- Балалар, қыз бала мен ер баланың би кезіндегі аяқ қимылына қараңдаршы?!
- Үстіндегі киімдері поляк халқының ұлттық киімдері болып табылады.
- Ал, мына суретте балалар, қазіргі полька биі. Үстеріндегі киімдері де қазіргі заманға сай.
- Балалар, алдымен "Полька" шығармасын тыңдап көрейікші?!

1.3. Педагог балаларға би қимылдарын үйрету мақсатында:

- Балалар, "Полька биінде" жұптасып шеңбер бойымен жарты адымдап және бүйірлі қадам жасап жүреді.
- Балалар, мына суретке қараңдаршы, бишілер, денелерін түзу, бастарын тік ұстап, қолдарын

айқастыра, тізелерін бүкпей, аяқтарын түзу ұстап, жұптасып, бүйірлік қадам жасап бара жатыр.

- Ал, мына суретке қарасандар, балалар, екі жұп жарты адым жасап бара жатыр.
- Балалар, біз осы қимылдарды үйренуіміз керек!
- Кәне, бәріміз әуенсіз адымдауды орнымызда тұрып қайталайықшы!?
- Мен ортада тұрып, қимылдарды қайталап, көрсетіп тұрамын.
- Балалар, бастапқы қалыпты ұстаймыз: жұппен тұрамыз, денеміз түзу, басымыз тік, аяғымыз бір-бірінен сәл алшақ, қатар тұрады.
- Адымдау үшін алдымен қолымызды айқастырамыз, сол аяқтың ұшын және өкшесін жұппен бірге жерге тигіземіз, енді, оң аяқтың ұшын және өкшесін жұппен бірге жерге тигіземіз.
- Балалар, тағы да қайталаймыз. Осылай кезек-кезек екі де төрттік өлшемде адым жаттығуларын жасаймыз. Тағы да қайталаймыз.
- Балалар, бәрің бірге денемізді тік ұстап, басымызды жоғары көтереміз, қол мен аяқ үйлесімділігін қатаң сақтаймыз, келістік пе? Орнымызда тұрып, менің санауым бойынша адымдаймыз. Бастаймыз, 1, 2, 3, 4.
- Енді, балалар, "Полька" әуенімен жұптасып, алға қарай адымдайықшы?!

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Педагог балалардың назарын тақтаға аударды:

- Балалар, тақтаға қарайықшы, өздерің сияқты басқа балабақша балаларының "Полька биін" билеп жатқанын көрейікші?!
- Балалар, егер, сендер "Польканың" жарты адым мен бүйірлік қадамын үйреніп алсандар, бейнебаяндағы балалардан да жақсы адымдайтын боласыңдар, солай ма?
- Балалар, бәрің өз жұптарыңмен тұрыңдар, қолдарымызды айқастырып ұстаймыз, бір-біріңе кедергі жасамайтындай арақашықтықты сақтаймыз.
- Балалар, бастапқы қалыпты ұстаймыз: денеміз түзу, басымыз тік, аяғымыз бір-бірінен сәл алшақ, қатар тұрады.
- Алдымен адымдау үшін қолымызды айқастырамыз, сол аяқтың ұшын және өкшесін жұппен бірге жерге тигіземіз, енді, оң аяқтың ұшын және өкшесін жұппен бірге жерге тигіземіз.
- Балалар, тағы да қайталаймыз. Осылай кезек-кезек екі де төрттік өлшемде адым жаттығуларын жасаймыз. Тағы да қайталаймыз.
- Кәне, бәріміз орнымызда тұрып, қимылдарды қайталайықшы!? Жарайсыңдар, балалар.

2.2. Жапырақтармен музыкалық-ырғақтық қимылдар

Педагог:

- Балалар, қолымыздағы жапырақтармен музыкалық-ырғақтық қимылдар жасаймыз.
- Әуен басталмас бұрын жасалатын ырғақтық қимылдарды қайталап алайық.
- Әуеннің алғашқы музыкалық такт кезінде жапырақты екі қолымызбен жоғары ұстап, қолымызды дірілдетеміз.
- Келесі қимыл жапырақты екі қолымызбен жоғары ұстап, алдымен солға, содан кейін оңға кезек-кезек иіп, алты рет қимыл жасаймыз.
- Енді, келесі қимыл жапырақты артымызға жасырып, солға бұрыламыз, қалыпқа келіп, жапырақты алдымызға қоямыз, қайтадан артымызға жасырып, оңға бұрыламыз, қалыпқа келіп, жапырақты алдымызға қоямыз.
- Келесі қимыл жапырақтарымызды жоғары көтеріп, ырғақпен сол жанымызға созамыз, бастапқы қалыпқа келеміз, жапырақтарымызды жоғары көтеріп, ырғақпен оң жанымызға созамыз, бастапқы қалыпқа келеміз, қимыл үш реттен алты рет қайталанады.
- Әуеннің соңғы тактінде жапырақтарды оң қолымызға ұстап, сол қолымызды белімізге қойып, орнымызда тұрып айналамыз, жаттығу келесі жаққа қайталанады.
- Балалар, осы қимылдарды әуен басталмай тұрып, тағы да қайталап аламыз. Қимылдарды іштей санау арқылы орындаймыз.
- Енді, балалар, музыка әуенімен орындаймыз. "Алтын күз" әніне билейміз.

- Балалар, неге біз "Алтын күз" әніне билегелі жатырмыз? Себебі, сары алтындай Алтын күз келді!

2.3. «Соқыр теке» ойыны

Ойынның барысы: балалар бір-бірінің қолынан ұстап шеңбер жасап тұрады, 3 – 4 бала шеңбердің сырт жағында тұрады.

Ортада «Соқыр теке» болады

Балалар шеңбермен айналып жүріп, әннің 1-ші шумағын айтады. 2-ші шумақты «Соқыр теке» айтады. 2-ші шумақ басталғанда балалар бекіткен қолдарын жоғары көтереді, ал сыртта тұрған балалар ішке еніп, «Соқыр текеге» ұстатпаймыз деп жан-жаққа жүгіреді. «Соқыр теке» біреуді ұстап алуға тырысады. Егер ұстап алса, әннің 2-ші шумағын айтады, ойын қайталанғанда ұсталған бала «Соқыр теке» болады. Егер ұстай алмаса «Соқыр теке» өзі болады.

- Соқыр теке, бақ, бақ
- Біз айтамыз тақпақ.
- Мықты болсаң қанекей,
- Бірімізді тап, тап.
- Кәне, балалар, ойынды бастаймыз. Педагог балалардың ойынды дұрыс ойнауларын қадағалап отырады.

2.4. Қайталау жаттығулары

- Балалар, біз бүгін қандай қимылдар жасап үйрендік?
- "Полька" биіндегі жарты адым, бүйірлік қадам, қолды айқастыра ұстау қимылдарын үйрендік.
- Балалар, осы қимылдарды қайталап алайық!?
- Бастапқы қалыпты ұстаймыз: жұппен тұрамыз, денеміз түзу, басымыз тік, аяғымыз бір-бірінен сәл алшақ, қатар тұрады.
- Адымдау үшін алдымен қолымызды айқастырамыз, сол аяқтың ұшын және өкшесін жұппен бірге жерге тигіземіз, енді, оң аяқтың ұшын және өкшесін жұппен бірге жерге тигіземіз.
- Балалар, тағы да қайталаймыз. Осылай кезек-кезек екі де төрттік өлшемде адым жаттығуларын жасаймыз. Тағы да қайталаймыз.
- Балалар, бәрің бірге денемізді тік ұстап, басымызды жоғары көтереміз, қол мен аяқ үйлесімділігін қатаң сақтаймыз, келістік пе? Орнымызда тұрып, менің санауым бойынша адымдаймыз. Бастаймыз, 1, 2, 3, 4.
- Кәне, орнымызда тұрып, қайталаймыз, қол мен аяқ үйлесімділігін сақтаймыз. Енді шеңбер жасай жүріп, музыкасыз қайталаймыз.
- Балалар, "Полька" биіндегі жарты адым, бүйірлік қадам, қолды айқастыра ұстау қимылдарын музыка әуенімен жасауға дайынсыңдар ма? Ендеше, бастаймыз.

2.5. Тыныс алу жаттығулары «Шар»

- Балалар, денемізді бос ұстап, ақырын шеңбер жасап жүреміз.
- Қазіргі ойналатын музыка әуенімен бірге тербелеміз.
- Алдымен шарды қалай үрлейміз, көрсетейікші?!
 - Тез шарды үрлейміз (қол саусақтарын біріктіру, сосын жазу)
 - Шар үлкейе түсті (жаймен қолдарымен екі жаққа созу)
 - Шар кенет жарылып кетті (алақанын шапалақтау)
 - Желі шығып кетті «алақанға үрлеу»
 - Шар жіңішке, кішкене болып қалды (қолды бір - біріне қосу)

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог балалардың назарын өзіне аударып:

- Балалар, біз бүгін қандай қимылдар жасап үйрендік?
- "Полька" биіндегі жарты адым, бүйірлік қадам, қолды айқастыра ұстау қимылдарын үйрендік.
- Үйде айнаға қарап, өз қимылдарыңа қарап, қателеріңді түзете білуге дағдыланыңдар, жақсы ма?
- Рақмет, балалар, қимылдарды ұмытып қалмас үшін, үйде қайталаймыз, сау болыңдар.

Серіппелі адым

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды серіппелі адым түрімен таныстыру; серіппелі адымның басқа адымнан айырмашылығын түсіндіре отырып, дұрыс жасай білуге үйрету; музыка мен қимылдың үйлесімділігін сақтай білуге дағдыландыру.

Сөздік жұмыс

"Серіппелі адым", "аяқ ұшымен тұру", "музыка мен қимыл" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Ырғақты бой ширату, түсіндіру, дене қыздыру жаттығулары, көрсету, қайталау, жаттығу, жаттықтыру, пысықтау, үлгі ету, ойын, шығармашылық әрекет.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, арнайы киімдер, серіппелі адым туралы суреттер мен бейнебаян көрсету, түрлі-түсті ленталар, кішкентай гүлдер

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Әр балаға түрлі-түсті ленталар, кішкентай гүлдер

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Ырғақты бой ширату

Педагог:

- Балалар, бәріміз менімен бірге үлкен әдемі шеңбер жасап тұрамыз.
- Балалар, алдымен ырғақты бой ширатып алайық!
- Енді менімен бірге қимылдарды қайталаймыз.
- Таң атқанда бәріміз кездесеміз (сағат тіліне қарсы шеңбер айналады),
- Кездесеміз, қуанып, жүздесеміз (шеңбердің ортасына қарай қысқа адымдайды, бір-біріне қарап, жымияды).
- Барлығымыз қуанып, шаттанамыз! (шеңберден арқамен қысқа адымдаймыз, бір-біріміне қарауды тоқтатпайды),
- Серіппелі адыммен аттанамыз (сағат тілімен шеңбер айналады).
- Кездесуге әрдайым қуанамыз (шеңбердің ортасына қарай қысқа адымдайды, бір-біріне қарап, жымияды),
- Әсем әуен лебіне уанамыз! (шеңберден арқамен қысқа адымдайды, бір-бірімізге қарауды тоқтатпаймыз).
- Барлығымыз қуанып, шаттанамыз! (шеңбердің ортасына қарай қысқа адымдайды, бір-біріне қарап, жымияды),
- Серіппелі адыммен аттанамыз (сағат тілімен шеңбер айналады).
- Енді, балалар, осы қимылдарды музыка әуенімен жасаймыз.
- Жарайсыңдар, балалар!

1.2. Педагог:

- Балалар, бүгін біз серіппелі адым жасауды үйреніп, музыка әуенімен жүреміз.
- Серіппелі адым – аяқтың табанын еденге түсіргеннен соң тізені сәл бүгіп, сол бойда серіппелі түрде түзеліп аяқ ұшымен тұрады.
- Балалар, бәріңіз шеңбер жасап, мені айнала тұра қойыңдар.
- Мен ортада тұрып, серіппелі адымды қалай жасауды көрсетіп тұрамын.
- Балалар, бастапқы қалып денемізді тік ұстап, басымызды жоғары көтереміз, қол мен аяқ қалай тұруы керек?
- Табанның жерге толық тиіп тұрғанын қадағалаймыз, енді тізені сәл бүгеміз, маған қараймыз, сол бойымызда серіппелі түрде түзеліп, аяқтың ұшымен тұрамыз, қанаттарын қағып, ұшқалы тұрған көбелекті бейнелеп, қимылды тағы да қайталаймыз.

- Балалар, мына суреттегі көбелектің аяқтарына қарандаршы, біз де солай тіземізді сәл бүгіп, серіппелі түрде түзеліп аяқ ұшымен тұруымыз керек.

- Балалар, өздерің әдемі, денелерің сымбатты болғанын қалайсындар ма? Олай болса, музыка әуенімен көбелекті бейнелеу барысында қанаттарымызды (қолдарымызды) қағып, жеңіл, серіппелі адым жасап жүреміз.

1.3. Педагог балалардың қимылды жасау дағдыларын пысықтау мақсатында:

- Балалар, шеңбер бойымен отырып, серіппелі адымы жасағанда қол мен аяқ үйлесімділігін дұрыс сақтауымыз қажет.

- Балалар, мына бейнебаянға қарандаршы, көбелектер ауада әдемі ұшып бара жатыр.

- Көбелектердің ұшқан ізі әдемі ленталарға айналып жатыр.

- Балалар, біз осы көбелектер сияқты лентамен қимыл жасап үйренуіміз керек!

- Кәне, бәріміз әуенсіз орнымызда тұрып, лентамен қимылдар жасап көрейікші!?

- Балалар, бастапқы қалыпты ұстаймыз: денеміз түзу, басымыз тік, аяғымыз бір-бірінен сәл алшақ, қатар тұрады.

- Алдымен сол қолымызбен лентаны сол жағымызда алға қарай айналдырамыз, тамаша, енді, оң қолымызбен лентаны оң жағымызда алға қарай айналдырамыз, енді екі қолымызбен бірдей лентаны жанымызда артқа қарай айналдырамыз.

- Балалар, мына суретке қарандаршы, балалар жаттығуларды лентамен қалай жасап жатқандарын көресіндер!

- Балалар, жаңағы лентамен жасалатын жаттығуларды қайталаймыз, келістік пе? Орнымызда тұрып, менің санауым бойынша жасаймыз. Бастаймыз, 1, 2, 3.

- Енді, балалар, музыка әуенімен орнымызда тұрып лента жаттығуларын жасаймыз!

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

1.1. Педагог балалардың назарын өзіне аударып:

- Балалар, енді шеңбер айналып тұрамыз.

- Балалар, егер, сендер қандай адым түрін үйреніп едіңдер?

- Дұрыс айтасындар, салтанатты адым жасап үйренгенсіңдер. Енді, балалар, сол салтанатты адымды тезірек ойналатын әуенмен жүруге жаттығамыз.

- Балалар, бастапқы қалыпты ұстаймыз: денеміз түзу, басымыз тік, аяғымыз бір-бірінен сәл алшақ, қатар тұрады.

- Адымдау үшін алдымен сол аяқты көтеріміз, сол қолымызды артқа түзу ұстаймыз, оң аяғымыз орнында, оң қолымызды бүгіп, көкірек тұсымызға әкелеміз.

- Енді, оң аяқты көтеріміз, оң қолымызды артқа түзу ұстаймыз, сол аяғымыз орнында, сол қолымызды бүгіп, көкірек тұсымызға әкелеміз. Осылай кезек-кезек үштік өлшемде адым жаттығуларын жасаймыз. Тағы да қайталаймыз.

- Кәне, бәріміз орнымызда тұрып, адымдауды қайталайықшы! Жарайсындар, балалар.

- Енді музыка әуенімен адымдаймыз

- Тамаша, балалар.

2.2. Гүлдермен музыкалық-ырғақтық қимылдар

Педагог:

- Балалар, гүлдер қалай жайқалады, қолымыздағы гүлдермен көрсетейікші?!

- Әуен басталмас бұрын гүлдермен жасалатын ырғақтық қимылдарды қайталап алайық.

- Әуеннің алғашқы музыкалық такт кезінде гүлді екі қолымызбен жоғары ұстап, алдымен солға, содан кейін оңға кезек-кезек иіп, алты рет қимыл жасаймыз.

- Келесі қимыл гүлдерді екі қолымызбен жоғары ұстап, өзімізді айналдыра үш рет қимыл жасаймыз.

Аяқты өкшеге кезектестіріп қойып, топылдату.

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды аяқты өкшеге кезектестіріп қойып, топылдату қимылымен таныстыру; топылдату қимылын ырғақты жасай білуге үйрету; аяқты өкшеге кезектестіріп қойып, топылдату қимылын әуенге сай жасауға жаттықтыру.

Сөздік жұмыс

"Ақты өкшеге қою", "кезектестіру", "топылдату" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Релаксация, түсіндіру, дене қыздыру жаттығулары, көрсету, қайталау, жаттығу, жаттықтыру, пысықтау, үлгі ету, ойын

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, арнайы киімдер, аяқты өкшеге кезектестіріп қойып, топылдату қимылы туралы суреттер көрсету, муляж алмалар, жемістер мен көкөністердің бет пердесі

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Әр балаға муляж алмалар, жемістер мен көкөністердің бет пердесі

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Релаксация

- Балалар, кәне, бәріміз шеңбер жасап, орындықтарға жайғасайық!
- Енді тақтаға назар аударайықшы?!
- Не көріп отырсындар? Жомарт күздің сұлу көрінісін көріп отырсындар, солай ма?
- Балалар, тақтадағы күзгі көрініс те, әуен де керемет, солай ма?
- Музыка әуенімен бірге тақтаға қарай отырып, көз алдымызға сол күзгі бақта өзіміз жүргендей елестетейікші?!
- Енді бәріміз орындықта отырған күйімізде бір-біріміздің қолымыздан ұстап, екі жаққа кезек-кезек тербелейікші!?
- Тағы да көз алдымызға бәріміз бақта жүргендей елестетеміз.
- Қандай керемет, сұлу күзгі көрініс!
- Кеудемізді жоғары көтеріп, иығымызды оң және солға ырғақты қимылдатып, жаттығулар жасаймыз.
- Басымызды оңға және солға ырғақты қимылдатамыз.
- Жарайсындар, балалар!

1.2. Дене қыздыру жаттығулары

Педагог балалардың назарын өзіне аударып:

- Балалар, шеңбер бойымен тұрамыз. Енді сапқа тұрамыз.
- Қатар түзейміз. Біріміздің артымыздан біріміз ақырын жүре отырып, музыка әуенімен адымдаймыз.
- Балалар, денемізді түзу, басымызды тік ұстаймыз, тіземізді жоғары көтеріміз, арақашықтықты сақтаймыз.
- Енді үш қатарға тұрамыз. Музыка әуенімен қолға арналған жаттығулар жасаймыз.
- Балалар, енді денеге және белге арналған жаттығулар жасаймыз.
- Оң қолымызды белімізге қойып, сол қолымызды басымыздан асырып, оң жаққа иіліп жаттығу жасаймыз, осы жаттығуды келесі жағымызға жасаймыз, енді музыка әуенімен сөздерін тыңдай отырып, ырғақты жасаймыз.
- Балалар, шеңбер бойымен біріміздің артымыздан біріміз жүреміз, тыныс алу жаттығуларын музыка әуенімен жасаймыз.
- Жарайсындар, балалар!

1.3. Педагог балаларға би қимылдарын үйрету мақсатында:

- Балалар, шеңбер бойымен маған қарап тұрындар.

- Енді, келесі қимыл алдымызға ұстап, үш рет солға, үш рет оңға жүріп айналамыз.
- Келесі қимыл гүлді жоғары қаратып, ырғақпен төмен түсіреміз, көкірек тұсымызға алып келеміз, қайтадан ырғақпен төмен түсіреміз, көкірек тұсымызға үш рет, жоғарыға үш реттен алты рет қайталанады.
- Әуеннің соңғы тактіңде гүлдерді қолдарымызға ұстап, салтанатты адыммен шеңбер жасап жүреміз.
- Балалар, жаңағы қимылдарды әуен басталмай тұрып, тағы да қайталап аламыз. Қимылдарды іштей санау арқылы орындаймыз.
- Енді, балалар, музыка әуенімен орындаймыз.

2.3. «Музыкалық әткеншек» ойыны

Ойынның мақсаты: балаларға музыканың өзгеру темпін ажырата білуге үйрету.

Ойынның барысы: музыка жетекшісі «Әткеншек» әнін орындайды және балалардан әткеншектің қалай қозғалатынын сұрайды. Балалардан музыканың өзгеру темпін қимылмен көрсетуді және сұрақтарға жауап берулерін сұрайды.

- Қай кезде музыка тез ойнады? Қимылмен көрсетейікші?!

- Қай кезде баяу ойнады? Тағы да қимылмен қайталайық! (жылдам қозғалады, ақырын қозғалады, баяу қозғалады, тоқтайды.)

2.4. Шығармашылық әрекет

Нан қайдан шығады? (ертегі)

- Балалар, жаттығулар жасап, шаршаңқырап қалдық, енді нан туралы қызық ертегі тыңдап көрейікші?

- Балалар, ас атасы - нан екенін бәріміз жақсы білеміз, солай ма?

- Балалар, ертегі кейіпкері болып ойнағыларың келе ме?

- Олай болса, алты бала алға шыға қойыңдар, алдымен мен ертегіні бір рет оқып шығамын, сендер бөлінген рөлдерің бойынша айтатын сөздеріңді мұқият тыңдап алыңдар.

Бір күні Тышқан

нан дүкеніне кіреді. Сөреде жаңа піскен сап-сары бөлкелер

үйіліп тұр екен. Піскен нан исіне қызыққан Тышқан тұмсығын жыбыр-жыбыр тартты. Төмендегі бір бөлкені кеміре бастады. Осы кезде күзетші келіп қалды. Тышқан зып беріп, тысқа атып шықты. Бірақ алысқа ұзамады. «Апырай, қайдан шықты екен осыншама нан. Біліп алып, шыққан жеріне кірсем, ә!» - деп қызығып кетті. Тышқан тесіктен сақтана сығалады.

- Нан, нан сен қайдан шықтың? – деді сыбырлады.

- Сатушыдан сұра, - деді Нан.

- Сатушы, сатушы, нан қайдан шығады?

- Наубайшыдан сұра, - деді.

Тышқан тымпындап наубайханаға келді. Диірмен тасы тынымсыз шыр көбелек айналды.

Екі адам ұн тартып тұр. Ұн төгіліп аққан бұлақша құйылып жатыр. Көзді ашып-жұмғанша қап-қап ұн дайын болады. Тышқан иненің көзіндей танауын тыржитып, таңдана қарап тұрды да:

- Диірменші, диірменші, нан қайдан шығады? – деп сұрады.

- Комбайыншыдан сұра, - деді қырманшы қарт.

Тышқан далада егін орып жатқан комбайыншыға келеді. Қалың егін теңіздей толқиды. Комбайн тоқтар емес, ілгерілеп барады. Сабанын бір бөлек, топанын бір бөлек шығарып тастады.

Торсықтай ақ бидайды астауына құйып алып барады. Тышқан шіңкілдеп:

- Комбайыншы, комбайыншы, нан қайдан шығады? – деп сұрады.

- Көктемде тракторшы жер жыртып, тұқымшы тұқым себеді. Егіншілер оны күтіп баптайды. Көп еңбек сіңіреді. Міне, мынау қалың астық – сол көп еңбектің жемісі. Нан еңбек арқылы табылады,

- дейді комбайыншы.

- Ой, мұның - азап қой. Мен шалқайып жатып – ақ нан таба беремін, - деп қутың-қутың етті

Тышқан.

- Әне мысық келе жатыр, - деді комбайыншы. Сол-ақ екен Тышқан бір ескі інге зып берді.
- Жарайсыңдар, балалар, өз сөздеріңмен айтқандарың дұрыс болды.

2.5. Тыныс алу жаттығулары

- Балалар, денемізді бос ұстап, ақырын шеңбер жасап жүреміз.
- Қазіргі ойналатын музыка әуенімен бірге тербелеміз.
- Балалар, бұлттар қалай қозғалады, қолымызбен көрсетейікші?!
- Бұлттар ақырын қозғалады екен. Тағы да шеңбер айналып жүріп, бұлттардың қалай қозғалатынын көрсетеміз.
- Жарайсыңдар, енді музыка әуенімен жаттығуларды қайталайық.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог балалардың назарын өзіне аударып:

- Балалар, қандай адым түрін жасап, үйрендік? Серіппелі адым.
- Балалар, серіппелі адым қалай жасалады екен?
- Серіппелі адым – аяқтың табанын еденге түсіргеннен соң тізені сәл бүгіп, сол бойда серіппелі түрде түзеліп аяқ ұшымен тұрады
- Үйде айнаға қарап, өз адымдарыңа қарап, қателеріңді түзете білуге дағдыланыңдар, жақсы ма?
- Сау болыңдар, қимылдарды ұмытып қалмас үшін үйде қайталаймыз.

- Енді қимыл қалай жасалатынын көрсетемін, сол аяқты өкшеге қоямыз, өкшемен топылдатамыз - 1,2,3,4 санауы бойынша, енді оң аяғымызды өкшеге қоямыз, өкшемен топылдатамыз - 1,2,3,4 санауы бойынша, кәне, балалар, мен санап тұрамын, сендер жаңағы жаттығуларды қайталайсыңдар.

- Балалар, бұл қимыл аяқты өкшеге кезектестіріп қойып, топылдату қимылы, осы қимылды өздеріңе таныс ақырын ойналатын "Топ-топ, балақан" әнімен орындап көрейікші?!

- Балалар, "Топ-топ, балақан" - дегенде аяқты өкшеге қоямыз, өкшемен топылдатамыз - 1,2,3,4, "Шапалақта алақан" - деген кезде екі қолымызбен шапалақтаймыз.

- Жарайсыңдар, балалар!

- Ал, мына суретте балалар қандай биді билеп жатыр? "Полька" биін билеп жатыр екен.

- Балалар, суретке мұқият қараңдаршы, аяқты өкшеге қойғанда жеңіл, әдемі қойып тұр, солай ма?

- Кәне, бәріміз аяқты өкшеге қою қимылын орнымызда тұрып қайталайықшы!?

- Мен ортада тұрып, қимылдарды қайталап, көрсетіп тұрамын.

- Балалар, бастапқы қалыпты ұстаймыз: денеміз түзу, басымыз тік, қолымыз белімізде, аяғымыз қатар тұрады.

- Сол аяқты өкшеге қоямыз, өкшемен топылдатамыз - 1,2,3,4 санаймыз, енді оң аяғымызды өкшеге қоямыз, өкшемен топылдатамыз - 1,2,3,4 санаймыз.

- Балалар, тағы да қайталаймыз. Осылай кезек-кезек екі де төрттік өлшемде аяқты өкшеге қою жаттығуларын жасаймыз. Тағы да қайталаймыз.

- Балалар, бәрің бірге денемізді тік ұстап, басымызды жоғары көтереміз, қол мен аяқ үйлесімділігін қатаң сақтаймыз, келістік пе? Орнымызда тұрып, менің санауым бойынша жасаймыз. Бастаймыз, 1, 2, 3, 4.

- Енді, балалар, "Полька" әуенімен жасап көрейікші?!

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Педагог балалардың назарын тақтаға аударды:

- Балалар, тақтаға қарайықшы, өздерің сияқты басқа балабақша балаларының "Полька биін" билеп жатқанын көрейікші?!

- Балалар, бейнебаяндағы ер балалар аяқтарын өкшесіне қойып жатыр, қараңдаршы?

- Балалар, бәрің өз жұптарыңмен тұрыңдар, қолдарымызды айқастырып ұстаймыз, бір-біріңе кедергі жасамайтындай арақашықтықты сақтаймыз.

- Балалар, бастапқы қалыпты ұстаймыз: денеміз түзу, басымыз тік, аяғымыз бір-бірінен сәл алшақ, қатар тұрады.

- Алдымен қимыл жасау үшін қолымызды айқастырамыз, сол аяқтың өкшесін жұппен бірге жерге тигіземіз, енді, оң аяқтың өкшесін жұппен бірге жерге тигіземіз.

- Балалар, тағы да қайталаймыз. Осылай кезек-кезек екі де төрттік өлшемде аяқтың өкшесін жерге тигізу жаттығуларын жасаймыз. Тағы да қайталаймыз.

- Кәне, бәріміз орнымызда тұрып, қимылдарды қайталайықшы!? Жарайсыңдар, балалар.

2.2. Алмалармен музыкалық-ырғақтық қимылдар

Педагог:

- Балалар, қолымыздағы алмалармен музыкалық-ырғақтық қимылдар жасаймыз.

- Әуен басталмас бұрын жасалатын ырғақтық қимылдарды қайталап алайық.

- Әуеннің алғашқы музыкалық такт кезінде алманы екі қолымызбен жоғары ұстап, көтереміз.

- Келесі қимыл алманы екі қолымызбен жоғары ұстап, алдымен солға, содан кейін оңға кезек-кезек иіп, алты рет қимыл жасаймыз.

- Енді, келесі қимыл алманы артымызға жасырып, солға бұрыламыз, қалыпқа келіп, алманы екі қолымызбен алдымызға қоямыз, қайтадан артымызға жасырып, оңға бұрыламыз, қалыпқа келіп, алманы алдымызға қоямыз.

- Келесі қимыл алмамызды жоғары көтеріп, ырғақпен сол жанымызға созамыз, бастапқы қалыпқа келеміз, алмамызды жоғары көтеріп, ырғақпен оң жанымызға созамыз, бастапқы қалыпқа келеміз,

қимыл үш реттен алты рет қайталанады.

- Әуеннің соңғы тактінде алмаларды оң қолымызға ұстап, сол қолымызды белімізге қойып, орнымызда тұрып айналамыз, жаттығу келесі жаққа қайталанады.

- Балалар, осы қимылдарды әуен басталмай тұрып, тағы да қайталап аламыз. Қимылдарды іштей санау арқылы орындаймыз.

- Енді, балалар, музыка әуенімен орындаймыз. "Табиғат" әніне билейміз.

- Балалар, неге біз "Табиғат" әніне билегелі жатырмыз? Себебі, қолымыздығы сары алма табиғат сыйы, солай ма?

2.3. "Жемістер мен көгөністер" ойыны

Ойынның мақсаты: Жемістерді көгөністерден ажыратуға үйрету. Музыка ауысымын сезінуге, түрлерін ажыратуға үйрету. Ойынның көрнекіліктері: Жемістер мен көгөністердің бет пердесі.

Ойынның шарты: Музыка әуенінің ауысымына қарай жемістер мен көгөністердің бет пердесін киген балалар шеңбер бойымен билеп жүреді. Музыка әуені тоқтағанда жемістер, көгөністер болып екі топқа бөлініп тұра қалады.

2.4. Қайталау жаттығулары

- Балалар, біз бүгін қандай қимыл жасап үйрендік?

- Аяқты өкшеге кезектестіріп қойып, топылдату қимылын үйрендік.

- Балалар, осы қимылды қайталап алайық!?

- Сол аяқты өкшеге қоямыз, өкшемен топылдатамыз - 1,2,3,4 санаймыз, енді оң аяғымызды өкшеге қоямыз, өкшемен топылдатамыз - 1,2,3,4 санаймыз.

- Балалар, тағы да қайталаймыз. Осылай кезек-кезек екі де төрттік өлшемде аяқты өкшеге қою жаттығуларын жасаймыз. Тағы да қайталаймыз.

2.5. Тыныс алу жаттығулары

- Балалар, денемізді бос ұстап, ақырын шеңбер жасап жүреміз.

- Қазіргі ойналатын музыка әуенімен бірге тербелеміз.

- Балалар, музыка әуеніндегі сөздерді тыңдай жүріп, жаттығуларды жасаймыз.

- Көкке қолды біз созамыз (қолдарын сәл жоғары көтереді),

- Үлкен болып біз өсеміз (жәймен қолдарын екі жаққа созу).

- Күнге дейін жеткіземіз (аяқтың ұшымен тұрып, қолдарын жоғары созу),

- Жәймен қолды түсіреміз (қолды ақырын төмен түсіру).

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог:

- Балалар, біз бүгін қандай қимылдар жасап үйрендік, өздерің маған орындарыңда тұрып, жасап көрсетіндерші?

- Аяқты өкшеге кезектестіріп қойып, топылдату қимылын үйрендік.

- Үйде айнаға қарап, өз қимылдарыңа қарап, қателеріңді түзете білуге дағдыланыңдар, жақсы ма?

- Жақсы, балалар, қимылдарды ұмытып қалмас үшін, үйде қайталаймыз, сау болыңдар.

"Бауырсақ" ертегісі мюзиклі

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды түзу бағытта адымдап жүру қимылымен таныстыру; адым жасау кезінде қол мен аяқ үйлесімділігін сақтай білуге үйрету; түзу бағытта адымдап жүру қимылын әуенге сай жасау дағдыларына жаттықтыру.

Сөздік жұмыс

"Түзу бағыт", "түзу адым", "адымдап жүру" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Психологиялық ахуал, түсіндіру, дене қыздыру жаттығулары, көрсету, қайталау, жаттығу, жаттықтыру, шығармашылық әрекет, еркін би жаттығулары, ойын

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, арнайы кейіпкерлер киімдері, түзу бағытта адымдап жүру қимылы туралы суреттер мен бейнебаян көрсету, жабайы аңдар бетперделері

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Жабайы аңдар бетперделері

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Психологиялық ахуал

– Балалар, айналамызда көңіл-күйі көтеріңкі, жақсы адамдардың болғанын бәріміз ұнатамыз. Ендеше қол ұстасып, бір-бірімізге жақсы көңіл-күй мен саулық тілейік!

- Кел, балалар, күлейік!
- Күлкіменен түлейік!
- Күлкі- көңіл ажары !
- Күліп өмір сүрейік!
- Жарайсыңдар, балалар!

1.2. Дене қыздыру жаттығулары

Педагог:

- Балалар, жабайы табиғат әлемінен қандай аңдардың жүрісін білесіңдер?
- Аю, қоян, түлкі, кірпілердің қалай жүретіндерін білеміз, солай ма?
- Балалар, олай болса, шеңбер бойымен тұрамыз.
- Қатар түзейміз. Біріміздің артымыздан біріміз ақырын жүре отырып, музыка әуенімен кірпі сияқты адымдаймыз.
- Кірпі қалай жүруші еді, балалар?
- Кірпі болу үшін балалар, екі сұқ саусағымызды тік ұстап, қазір басталатын музыка әуенімен сөздерін тыңдай жүріп, саусақтарымызды кірпінің тікені сияқты өз денемізді айналдыра жоғары, алға-артқа, жанымызға жаттығу жасаймыз.
- Кәне, жаңағы жаттығуды менімен бірге қайталап алайық, жарайсыңдар, енді кірпі

сияқты музыка әуенімен жүреміз.

- Балалар, келесі сәтте аю боламыз.
- Енді үш қатарға тұрамыз. Музыка әуенімен аюдың жүрісін саламыз.
- Аюдың қонжықтары сияқты қорбандаймыз.
- Ол үшін, балалар, оң аяғымыз алда, сол аяғымыз артта ұстап, аяғымыздың басын ішке қарай бүгеміз, тамаша, осы күйімізде музыка әуенімен аю

сияқты қорбандап жүреміз.

- Балалар, енді түлкі қалай жүреді екен, көрсетейікші?!
- Ол үшін екі иығымызды қозғап, кербезденіп, аяғымызды жеңіл алып жүреміз, тез жүгіреміз.
- Кәне, жаттығуды қайталайықшы, тамаша, енді музыка әуенімен сөздерін тыңдай отырып, ырғақты жасаймыз.

- Балалар, шеңбер бойымен біріміздің артымыздан біріміз жүреміз, қоян сияқты секіру жаттығуларын музыка әуенімен жасаймыз.
- Балалар, қоянның құлақтарын көрсетейікші, ұзын екен, енді қоян сияқты қос аяқтап секірейік, жарайсыңдар!
- Жарайсыңдар, балалар!

1.3. Педагог:

- Балалар, шеңбер бойымен түзу бағытта адымдап жүру және түзу бағытта кері адымдап жүру жаттығуларын орындап үйренеміз.
- Енді, балалар, музыка әуенімен сөздерін тыңдай жүріп, адымдаймыз.
- Жақсы, балалар, бірақ, бәрінің адымдарың әртүрлі болды.
- Ал, мына суретке қарасандар, балалар, аю мен маймыл аяқтарын жоғары көтеріп, түзу адым жасап бара жатыр.
- Балалар, біз осы қимылдарды үйренуіміз керек!
- Кәне, бәріміз әуенсіз адымдауды орнымызда тұрып қайталайықшы!?
- Мен ортада тұрып, қимылдарды қайталап, көрсетіп тұрамын.
- Адымдау үшін алдымен сол аяқты көтереміз, сол қолымызды артқа түзу ұстаймыз, оң аяғымыз орнында, оң қолымызды бүгіп, көкірек тұсымызға әкелеміз.
- Енді, оң аяқты көтереміз, оң қолымызды артқа түзу ұстаймыз, сол аяғымыз орнында, сол қолымызды бүгіп, көкірек тұсымызға әкелеміз. Осылай кезек-кезек үштік өлшемде адым жаттығуларын жасаймыз. Тағы да қайталаймыз.
- Балалар, бәрің бірге денемізді тік ұстап, басымызды жоғары көтереміз, қол мен аяқ үйлесімділігін қатаң сақтаймыз, келістік пе? Орнымызда тұрып, менің санауым бойынша адымдаймыз. Бастаймыз, 1, 2, 3.
- Енді, балалар, музыка әуенімен түзу, алға қарай адымдайықшы?!

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ 2.1. "Бауырсақ" ертегісі желісіндегі мюзикл

- Балалар, енді бауырсақ ертегісі кейіпкерлерін мюзикл желісінде сомдаймыз.
 - Ол үшін алдымен ертегіні тағы да мұқият тыңдап алайық.
- Ерте-ертеде бір шал мен кемпір болыпты. Шалы бір күні кемпіріне
- Кемпір, кемпір, қамбаның түбін қақсаңшы, елеуішпен елеші, қарны ашқан шалыңа, бауырсақ пісіріп берсеңші, - депті.
- Кемпірі қалақша қолға алыпты, қамбаның түбін қағыпты, елеушпен елепті, табақшаға салыпты, екі уыс ұн болыпты.
- Қаймаққа ұнды илепті, дөңгелектеп алыпты, ыстық майға салыпты, Бауырсақты піскен соң, атай баппен жейді деп, суытуға қойыпты.
- Бауырсақ суып жатыпты, жатып ойға батыпты, қашайын деп осы үйден, бір ойға нақ бекіпті. Жақтаудан түсті сәкіге, сәкіден түсті еденге, табалдырықтан секіріп, жетіп барды сенекке. Сенектен сыртқа беттеді, аулаға шығып кетеді, аулаға шығып алған соң, домалап соқпақ жолменен, ұзай-ұзай кетеді.

Жол бойымен домалап, келе жатса бауырсақ, қарсы алдынан тап келді, ұзын құлақ Қоянақ

Сонда қоян Бауырсаққа:

- Бауырсақ, бауырсақ, мен сені жеймін, - депті.
- Бауырсақ оған былай дейді:
- Жей көрме мені, Қояным, ән айтып берем, тыңдағын, - дейді.
 - Жарайды, ендеше, айта ғой, - дейді Қоян.
 - Менің атым - Бауырсақ,
 - Қызарып пістім - көңілім шат.

- Қамбаның түбін қырнаған,
- Елеуішпен елеген.
- Қаймақпенен илеген,
- Күйдірмей майға пісірген.
- Атайдан да құтылдым,
- Әжейден де сытылдым,
- Қоян сенен құтылу,
- Қиын емес – бұл маған

Осылай деп, Бауырсақ домалады, аңқау Қоян аңырып тұрып қалды.

Бауырсақ зыр домалап жөнеледі, зыр домалап Бауырсақ келе жатса, алдынан сұры Қасқыр кездеседі.

- Бауырсақ, бауырсақ, мен сені жеймін, - дейді Қасқыр.
- Сұры Қасқыр, мені жемеші, ән салып берем, тыңдашы, - деп Бауырсақ әндете жөнеледі.
- Менің атым – Бауырсақ,
- Қызарып пістім – көңілім шат.

- Қамбаның түбін қырнаған,
- Елеуішпен елеген.

- Қаймақпенен илеген,
- Күйдірмей майға пісірген.

- Атайдан да құтылдым,
- Әжейден де сытылдым,

- Қояннан да құтылдым,
- Қасқыр сенен сытылу,

- Қиын емес – бұл маған!

Бауырсақ ары қарай домалады, аңырып Сұры қасқыр жолда қалды .

Домалап Бауырсақ тағы жөнеледі, алдынан Аю сонда кез келеді:

- Бауырсақ, бауырсақ, мен сені жеймін, - депті Аю.
- Жей көрме, Аю атайым, тыңдашы саған айтайын, - деп Бауырсақ әнін бастайды:

- Менің атым – Бауырсақ,
- Қызарып пістім – көңілім шат.

- Қамбаның түбін қырнаған,
- Елеуішпен елеген.

- Қаймақпенен илеген,
- Күйдірмей майға пісірген.

- Атайдан да құтылдым,
- Әжейден де сытылдым,

- Қояннан да құтылдым,
- Қасқырдан да құтылдым,

- Аю сенен сытылу,

- Қиын емес – бұл маған!

Осылай деп, Бауырсақ домалады, аңырып Аю маймақ жолда қалды.

Бауырсақ домалаумен келе жатты, осылай талай-талай белден асты, домалап жол үстінде келе жатса, қу Түлкі жылмаң етіп келе қапты.

- Бауырсақ, домалап қайда барасың, - депті сонда Түлкі.

- Жол жүріп кетіп барамын, - депті Бауырсақ.

- Бауырсақ, Бауырсақ, мен сені жеп қоям! - депті Түлкі,

- Жемеші, Түлкі, ән салып берем мен саған! – депті Бауырсақ.

Бауырсақ сонда:

- Менің атым – Бауырсақ,

- Қызарып пістім – көңілім шат.

- Қамбаның түбін қырнаған,
- Елеуішпен елеген.
- Қаймақпенен илеген,
- Күйдірмей майға пісірген.
- Атайдан да құтылдым,
- Әжейден де сытылдым,
- Қояннан да құтылдым,
- Қасқырдан да құтылдым,
- Аюдан да сытылдым,
- Түлкі сенен құтылу,
- Қиын емес – бұл маған!
- Әнің жақсы-ақ, Бауырсақ, нашар еді бұл құлақ, тұмсығыма шығып ап, айтып берші қайталап, дауыстап бір қаттырақ, - депті сонда Қу Түлкі.

Мақтағанға мәз болды, тұмсығында Түлкінің, Бауырсақ солай ән салды.

Сонда Түлкі:

- Тамаша екен үнің де, тағы бір рет айтшы тыңдайын, отырып алып тілімде! – депті.
- Бауырсақ Түлкінің ойын түсінбеді, ойланбастан тіліне секіреді, «Ап!», - дегенде Бауырсақ қу Түлкінің азуында әп сәтте күтірледі. Мақтаншақтық – жақсы емес екен, балалар, солай ма?
- Бауырсақ мақтанам деп, түлкіге азық болды.

2.2. Шығармашылық әрекет

Педагог:

- Балалар, ертегіні тыңдадыңдар, енді рөлдерге бөлініп, ертегіні мюзикл желісімен ән айта жүріп, сомдаймыз.
- Балалар, мына суретке қарандаршы, қандай кейіпкер жетіспей тұр? Қасқыр жетіспей тұр екен.
- Балалар, енді, ертегі кейіпкерлері бойынша рөлдерді бөлдік.
- Қазір музыка әуенімен әр кейіпкер өзінің қимылы мен әнін айтып, дайындалады.
- Әуеннің алғашқы тактінде ата мен әже шығады, дайын тұрамыз.
- Әуен тез орындалған кезде бауырсақ домалап келе жатады.
- Балалар, музыка сипатына қарай әр кейіпкер өзінің шығатын кезін нақтылап, біліп алуы керек.
- Ал, балалар, тақтаға бауырсықтың бейнесі шығып, музыка ойнағанда мюзиклімізді бастаймыз.
- Бауырсақтың бейнесі пайда болды, музыканы күтіп, дайын тұрамыз.

2.3. "Бауырсақ кіммен кездесті?" ойыны

Ойынның мақсаты: музыканы сезінуге, төмен, орташа, жоғары дыбыстарды ажырата білуге баулу. Ойынның барысы: музыка жетекшісі «Бауырсақ» ертегісін және сол ертегінің кейіпкерлерін естеріне түсірулерін сұрайды (қасқыр, түлкі, аю, қоян). Музыка жетекшісі осы аңдарға байланысты музыкаларды, мысалы, аюдың музыкасын, төменгі регистрдан, ал қоянның музыкасын жоғарғы регистрдан ойнайды. Балалар музыканың қай регистрдан ойналғанын тыңдап, қай аңның музыкасы екенін тауып, сурет арқылы көрсетеді.

2.4. Еркін би жаттығулары

- Балалар, денемізді бос ұстап, шеңбер жасап тұрамыз.
- Қазіргі ойналатын музыка әуенімен бірге тербеліп, билейміз.
- Алдымен қалай билейміз, көрсетейікші?!
- Балалар, би еркін болады, әркім өзі білетін қимылдарды орындайды.
- Кән, бәріміз, әуен басталмай тұрып, жаттығып алайық.
- Жарайсындар, балалар.
- Енді, музыка әуенімен биді бастаймыз.

Ойынның мақсаты: музыканы сезінуге, төмен, орташа, жоғары дыбыстарды ажырата білуге баулу. Ойынның барысы: музыка жетекшісі «Бауырсақ» ертегісін және сол ертегінің кейіпкерлерін естеріне түсірулерін сұрайды (қасқыр, түлкі, аю, қоян). Музыка жетекшісі осы аңдарға байланысты музыкаларды, мысалы, аюдың музыкасын, төменгі регистрдан, ал қоянның музыкасын жоғарғы регистрдан ойнайды. Балалар музыканың қай регистрдан ойналғанын тыңдап, қай аңның музыкасы екенін тауып, сурет арқылы көрсетеді.

2.5. Тыныс алу жаттығулары

- Балалар, денемізді бос ұстап, ақырын шеңбер жасап жүреміз.
- Балалар, тақтадағы күннің суретіне қарандаршы, күн неге ұқсайды?
- "Бауырсақ" ертегісіндегі бауырсаққа ұқсайды екен.
- Олай болса, балалар, күнге ұқсайтын бауырсақтың құрметіне тыныс алу жаттығуларын күн әуенімен жасайық.
- Қазіргі ойналатын музыка әуенімен бірге тербелеміз.
- Балалар, музыка әуеніндегі сөздерді тыңдай жүріп, жаттығуларды жасаймыз.
- Бәріміз бірге күн боламыз!

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог балаларға ризашылығын білдіріп:

- Балалар, біз бүгін қандай қимылдар жасап үйрендік?
- Түзу бағытта адымдап жүру қимылдарын үйрендік.
- Қандай ертегіні мюзикл желісінде ойнадық?
- Балалар, мюзикл дегеніміз не? Кейіпкер сөздері әуенмен айтылатын жанр.
- Жақсы, балалар, қимылдарды ұмытып қалмас үшін, үйде қайталаймыз, сау болыңдар.

Музыка ырғағына сай қолды шапалақтау

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды музыка ырғағына сай қолды шапалақтау түрлерімен таныстыру; шапалақтау кезінде әуендегі ырғақты сезіне білуге үйрету; музыка мен шапалақтың әуенге сай үйлесімді болуын қадағалау.

Сөздік жұмыс

"Шапалақ", "шапалақ және аяқ адымы", "музыка мен шапалақ", "үйлесімді" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Шаттық шеңбері, түсіндіру, дене қыздыру жаттығулары, көрсету, қайталау, жаттығу, жаттықтыру, пысықтау, үлгі ету, ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, арнайы киімдер, шапалақты ұру туралы аудиожазба мен суреттер, доптар

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Әр балаға доптар

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Шаттық шеңбері

Педагог:

- Балалар, бәріміз менімен бірге үлкен әдемі шеңбер жасап тұрамыз.
- Балалар, көңілді қыс келді! Қыс айына қуаныш шаттығымызды білдірейікші!
- Енді менімен бірге қимылдарды қайталаймыз.
- Қыс келді, алақай! (қолдарын жоғары көтереді),
- Киеміз малақай! (қол білезіктерін айналдырады)
- Аққала жасаймыз (алақандарын жанына жіберіп жаяды),
- Жасаймыз, алақай! (орындарында тұрып, айналады)
- Ақ қармен ойнаймыз (қолдарын жоғары көтереді),
- Қызыққа тоймаймыз (қолдарымен ирек жасайды).
- Ауырмау жағын да (қолдармен күн бейнесін көрсетеді),
- Әрине, ойлаймыз! (иіліп, тәжім етеді)
- Жарайсыңдар, балалар!

1.2. Педагог балалардың назарын тақтаға аударып:

- Балалар, тақтадан не көріп тұрсыңдар?
- Адам қолының шапалақтап тұрған суреті, солай ма?
- Балалар, музыка мен ырғақта шапалақ пен аяқ топылығының дыбысы да маңызды болып келеді. Сондықтан біз шапалақты ырғаққа сай ұруды үйренеміз.
- Ол үшін, балалар, алдымен музыканың сипаты мен ырғағын түсінуіміз керек.
- Мен ортада тұрып, шапалақты ұру қимылын қайталап, көрсетіп тұрамын. Ал, сендер менімен бірге музыканы тыңдай отырып, қайталайсыңдар.
- Балалар, шеңбер жасап, маған қарап тұрамыз. Шапалақ ұрудың екі түрін үйренеміз.
- Бірінші түрі - бас бармақты сыртына қалдырып, қолды бос ұстап, алақанды бір-біріне ұрамыз.
- Балалар, тағы да тақтадағы суретке қараймыз. Қолдарыңды мен сияқты ұстаймыз, енді шапалақ ұруды бастаймыз.
- Жарайсыңдар, тағы да қайталаймыз, іштей санау арқылы шапалақ ұрамыз - 1,2,3,4.
- Енді, келесі қолға ауысамыз, шапалақ ұрамыз - 1,2,3,4.
- Жарайсыңдар.

1.3. Педагог:

- Балалар, енді келесі суретке қарайық.

- Бұл суретте шапалақтың екінші түрі көрсетілген.
- Балалар, оң алақанымызды жоғары қаратып, сол алақанымызды сәл төменірек ұстап, оң алақанымыздың үстіне қоямыз.
- Сұқ саусағымыз басқа саусақтарға қарағанда сәл бүгіліңкіреп тұрады.
- Кәне, бәріміз шапалақтау алдындағы осы қол қалпымызды ұстайықшы!?
- Шапалақтау үшін алдымен оң алақанымызды жоғары қаратып, сол алақанымызды сәл төменірек ұстап, оң алақанымыздың үстіне қоямыз.
- Енді, шапалақтауды бастаймыз. Тағы да қайталаймыз.
- Балалар, бәрің бірге оң алақандарыңды жоғары қаратып, сол алақандарыңды сәл төменірек ұстап, оң алақандарыңның үстіне қойыңда, келістік пе? Орнымызда тұрып, менің санауым бойынша шапалақтаймыз. Бастаймыз, 1, 2, 3, 4.
- Енді, балалар, музыка әуенімен орнымызда тұрып шапалақтайықшы?!

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Педагог балалардың назарын өзіне аударып:

- Балалар, шеңбер жасап, тағы да шапалақтап көрейікші?! Жарайсыңдар!
- Балалар, енді шеңбер бойымен біріміздің артымыздан біріміз жүре отырып, менімен бірге шапалақтаймыз.
- Балалар, шапалақтаудың бірінші қалпы бойынша қолымызды ұстаймыз, ол үшін тағы да тақтаға қараймыз.
- Балалар, бастапқы қалыпты ұстаймыз: бас бармақты сыртына қалдырып, қолды бос ұстап, алақанды бір-біріне ұрамыз.
- Енді шеңбер бойымен адымдай жүріп, бір адым, бір шапалақ, тағы да бір адым, бір шапалақ.
- Балалар, келесі шапалақтау түрін көрсетеміз, ол тағы да тақтаға қараймыз.
- Кәне, бәріміз шеңбермен жүріп, екінші шапалақтауды қайталайықшы! Жарайсыңдар, балалар.
- Енді музыка әуенімен жүріп, шапалақтаймыз
- Тамаппа, балалар!

2.2. Доппен музыкалық-ырғақтық қимылдар

Педагог балалардың назарын аударып:

- Балалар, қолымыздағы доппен әуен сай музыкалық-ырғақтық қимылдар жасаймыз.
- Әуен басталмас бұрын жасалатын ырғақтық қимылдарды қайталап алайық.
- Әуеннің алғашқы музыкалық такт кезінде допты екі қолымызбен жоғары ұстап, өзімізді айналдыра үш рет қимыл жасаймыз.
- Келесі қимыл допты екі қолымызбен жоғары ұстап, алдымен солға, содан кейін оңға кезек-кезек иіп, алты рет қимыл жасаймыз.
- Енді, келесі қимыл допты жерге қойып, үш рет солға, үш рет оңға жүріп айналамыз.
- Келесі қимыл допты жоғары қаратып, ырғақпен жанымызға созамыз, көкірек тұсымызға алып келеміз, допты жанымызға ұстаймыз, қимыл жанымызға үш рет, алдымызға үш реттен алты рет қайталанамыз.
- Әуеннің соңғы тактінде допты екі қолымызбен ұстап, салтанатты адыммен шеңбер жасап жүреміз.
- Балалар, жаңағы қимылдарды әуен басталмай тұрып, тағы да қайталап аламыз. Қимылдарды іштей санау арқылы орындаймыз.
- Енді, балалар, музыка әуенімен орындаймыз.

2.3. "Шар ұшты" ойыны

Ойынның мақсаты: балаларды шар сияқты шеңбер жасап тұруға үйрету.

Ойынның көрнекіліктері: ұнтаспа

Ойынның шарты: балалар шеңбер жасап, шардың үлкендігін, пішінін көрсетеді. «Шар үрлейміз» - деген сөзге балалар ортаға жиналып, аузымен үрлей отырып, шеңбер құрастырады. «Шар ұшты» - дегенде музыка ырғағымен шеңбер жасап айналады. Барабан соғылғанда балалар шардың жарылғанын білдіріп, қолдарын босатып жібереді. Осы шартты орындай алмаған бала ән немесе тақпақ айтып, би билеп айыбын төлейді.

2.4. Қайталау жаттығулары

- Балалар, денемізді бос ұстап, ақырын шеңбер жасап жүреміз.
- Балалар, біз бүгін қандай жаттығулар жасап үйрендік?
- Енді, балалар, сол шапалақтауды музыка әуенімен тағы да қайталаймыз.
- Ол үшін бас бармақты сыртына қалдырып, қолды бос ұстап, алақанды бір-біріне ұрамыз.
- Жарайсыңдар, балалар!
- Келесі шапалақтау түрін жасау үшін алдымен оң алақанымызды жоғары қаратып, сол алақанымызды сәл төменірек ұстап, оң алақанымыздың үстіне қоямыз.
- Кәне, орнымызда тұрып, қайталаймыз, әуен мен шапалақ үйлесімділігін сақтаймыз.
- Балалар, шапалақтауды музыка әуенімен жасауға дайынсыңдар ма? Ендеше, бастаймыз.

2.5. Тыныс алу жаттығулары

- Балалар, денемізді бос ұстап, ақырын шеңбер жасап жүреміз.
- Қазіргі ойналатын музыка әуенімен бірге тербелеміз.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог:

- Балалар, бүгін қандай қимыл түрін жасап, үйрендік? Музыка ырғағына сай қолды шапалақтау.
- Балалар, музыка ырғағына сай қолды шапалақтау кезінде музыка мен шапалақтың үйлесімділігін қатаң қадағалау қажет, әйтпесе, дұрыс шапалақтай алмай қаласыңдар.
- Үйде өздерің іштей санап, ырғақты шапалақтауға дағдыланыңдар, жақсы ма?
- Балалар, қимылдарды ұмытып қалмас үшін, үйде қайталаймыз, сау болыңдар.

Қара жорға биі

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды "Қара жорға" биінің қимылдарымен таныстыру; қимылды жасау кезінде қол мен аяқ үйлесімділігін сақтай білуге үйрету; музыка мен қимылдың әуенге сай болуын естен шығармауын қадағалау.

Сөздік жұмыс

"Буын қозғалысы", "жоғары-төмен", "кезекпен қозғалыс", өкшені көтеру", "аяқ серпілісі" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Психогимнастика, түсіндіру, дене қыздыру жаттығулары, көрсету, қайталау, жаттығу, жаттықтыру, пысықтау, үлгі ету, ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, арнайы киімдер, "Қара жорға" биінің қимылдары туралы суреттер мен бейнебаян көрсету, кішкентай орамалдар

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Әр балаға кішкентай орамалдар

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Психогимнастика

Педагог:

- Балалар, Жаңа жыл алдында бәрің құлпырып кетіпсіңдер!
- Көңіл-күйлерің қалай, керемет пе? Тамаша!
- Өз көңіл-күйлеріңді өздерің көтеруге дайынсыңдар ма?
- Олай болса, өз көңіл-күйімізді өзіміз көтерейікші!
- Көтеріңкі көңіл-күй (қолдарын жоғары көтереді),
- Мен өзіме сыйлаймын (қол білезіктерін айналдырады)
- Балабақша - біздің үй (қолдарын жанына жібереді),
- Көңіл-күйді тойлаймын! (орнында тұрып, айналады)
- "Қара жорға" биіне (аяқтарын өкшеге қояды),
- Топылдатып билеймін (аяқтарын топылдатады).
- Қайтар кезде үйіме (қол білезіктерін айналдырады),
- Қуаныштан билеймін! (денелерін қимылдатады)
- Жарайсыңдар, балалар!

1.2. Педагог балалардың назарын өзіне аударып:

- Балалар, шеңбер жасап, бәріміз маған қараймыз.
- Балалар, "Қара жорға" биін білесіңдер ме?
- Егер, білсеңдер, кім ортаға шығып, билеп көрсетеді?
- Олай болса, балалар, қазір бәріміз "Қара жорға" биіне билейміз, алдымен тақтаға назар аударайықшы?!
- Балалар, аю мен қонжықтың қимылына қараңдаршы, сол қимылдарды шамаларың жеткенше қайталап, ерікті билейік!
- Мен ортада тұрып, қимылдарды қайталап, көрсетіп тұрамын.
- Балалар, билегенде денемізді бос ұстап, еркін билейміз, қол мен аяқ үйлесімділігін қатаң сақтаймыз, келістік пе?
- Әсіресе, иық пен қол және аяқ қимылдарына көңіл бөлеміз.
- Дайынсыңдар ма, олай болса, бастаймыз.

1.3. Педагог:

- Балалар, шеңбер бойымен адымдап жүргенде қол мен аяқ үйлесімділігін дұрыс сақтамадыңдар.

- Балалар, мына бейнебаянға қарандаршы, сендер сияқты балалар, денелерін түзу, бастарын тік ұстап, тізелерін бүкпей, "Қара жорға" биін билеп жатыр.
- Балалар, біз осы балалар сияқты "Қара жорға" биін үйренуіміз керек!
- Балалар, "Қара жорға" биін "буын биі" деп атайды.
- Балалар, бастапқы қалыпты ұстаймыз: денеміз түзу, басымыз тік, аяғымыз бір-бірінен сәл алшак, қатар тұрады.
- Алғашқы қимыл "буын қозғалысы" деп аталады.
- Алдымен оң аяғымызды алға қоямыз, сол аяғымыз артта болады, екі қолымызды белімізге қоямыз.
- Енді, иығымызды кезек кезек алға-артқа қимылдатамыз, 1,2,3,4,5,6,7,8. Тағы да қайталаймыз.
- Келесі қимыл, екі иығымызды бірдей жоғары-төмен қозғалтамыз, 1,2,3,4,5,6,7,8. Тағы да қайталаймыз.
- Балалар, келесі қимыл - екі иығымызды кезекпен төмен-жоғары қозғалтамыз, 1,2,3,4.
- Келесі қимыл - аяқтың қимылы, аяғымызды айқастырамыз, кезекпен кезек өкшемізді жоғары-төмен көтеріміз, 1,2,3,4,5,6,7,8.
- Келесі қимыл - "аяқ серпілісі" деп аталады.
- Енді, аяғымызды кезек кезек шетке ашамыз, 1,2,3,4.
- Аяққа арналған алдыңғы екі қимылды біріктіреміз, 1,2,3,4,5,6,7,8.
- Енді, музыка әуенімен осы қимылдарды қайталайықшы?!

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Педагог балалардың назарын өзіне аударады:

- Балалар, қандай би қимылдарымен таныстық?
- Қара жорға биінің қимылдарымен таныстық.
- Балалар, мына суретке назар аударайықшы?! Қандай қимыл?
- Ер адамдарға арналған қол қимылдары екен.
- Ал, суретте қандай қимыл түрін көріп отырсыңдар? Дене мен аяққа арналған би қимылдары екен.
- Келесі суретте, балалар, қыз баланың қол білезіктеріне арналған би қимылдарын көреміз.
- Кәне, балалар, музыка әуенімен осы қимылдарды қайталайықшы?!
- Тамаша, балалар!

2.2. Орамалмен музыкалық-ырғақтық қимылдар

Педагог:

- Балалар, сол тұрған жерлерінде әуенмен музыкалық-ырғақтық қимылдар жасаймыз.
- Әуен басталмас бұрын жасалатын ырғақтық қимылдарды қайталап алайық.
- Әуеннің алғашқы музыкалық такт кезінде орамалды оң қолымызбен жоғары ұстап, айналдырамыз.
- Келесі қимыл орамалды сол қолымызбен жоғары ұстап, айналдырамыз.
- Енді, келесі қимыл орамалмен бетімізді жауып, үш рет солға, үш рет оңға жылжытамыз.
- Келесі қимыл орамалымызды екі қолымызбен жоғары көтеріп, ырғақпен жанымызға созамыз, көкірек тұсымызға алып келеміз, қимыл жанымызға үш рет, алдымызға үш реттен алты рет қайталанады.
- Әуеннің соңғы тактінде орамалды оң қолымызбен ұстап, сол қолымызбен төмен қарай толқын жасаймыз, енді осы қимылды келесі жаққа жасаймыз.
- Балалар, жаңағы қимылдарды әуен басталмай тұрып, тағы да қайталап аламыз. Қимылдарды іштей санау арқылы орындаймыз.
- Енді, балалар, "Табиғат" музыка әуенімен орындаймыз.

- Жарайсыңдар, балалар!

2.3. Жаңа жылдық әзіл-ойын

Ойынның мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу; шығармашылық қабілеттерін арттыру.

Ойынның шарты: Шеңберде тұрған балалар Аяз атаға әнді орындай отырып, дене мүшелерін көрсетеді.

Соңында Аяз ата:

- Мені мазақ етесіңдер ме? - деп балаларды ұстап алады. Ұсталған бала өз өнерін көрсетеді.

1. Біздің Аяз атаның,
- Аппақ екен шапаны.

- Ха-ха-ха, хи-хи-хи.
- Аппақ екен шапаны.

2. Біздің Аяз атаның,
- Ұзын екен сақалы.

- Ха-ха-ха, хи-хи-хи.
- Ұзын екен сақалы.

3. Біздің Аяз атаның
- Қызыл екен мұрыны.

- Ха-ха-ха, хи-хи-хи
- Қызыл екен мұрыны.

2.4. Қайталау жаттығулары

- Балалар, "Қара жорға" биінің қандай қимылдарымен таныстық?

- Тағы да қимылдарды қайталап өтейікші?!

- Алғашқы қимыл "буын қозғалысы" деп аталады.

- Алдымен оң аяғымызды алға қоямыз, сол аяғымыз артта болады, екі қолымызды белімізге қоямыз.

- Енді, иығымызды кезек кезек алға-артқа қимылдатамыз, 1,2,3,4,5,6,7,8. Тағы да қайталаймыз.

- Келесі қимыл, екі иығымызды бірдей жоғары-төмен қозғалтамыз, 1,2,3,4,5,6,7,8. Тағы да қайталаймыз.

- Балалар, келесі қимыл - екі иығымызды кезекпен төмен-жоғары қозғалтамыз, 1,2,3,4.

- Келесі қимыл - аяқтың қимылы, аяғымызды айқастырамыз, кезекпен кезек өкшемізді жоғары-төмен көтереміз, 1,2,3,4,5,6,7,8.

- Келесі қимыл - "аяқ серпілісі" деп аталады.

- Енді, аяғымызды кезек кезек шетке ашамыз, 1,2,3,4.

- Аяққа арналған алдыңғы екі қимылды біріктіреміз, 1,2,3,4,5,6,7,8."

2.5. Тыныс алу жаттығулары

- Балалар, денемізді бос ұстап, ақырын шеңбер жасап жүреміз.

- Қазіргі ойналатын музыка әуенімен бірге тербелеміз.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог балалардың назарын өзіне аударып:

- Балалар, "Қара жорға" биінің қандай қимылдарын жасап, үйрендік?

- "Буын қозғалысы", "жоғары-төмен", "кезекпен қозғалыс", өкшені көтеру", "аяқ серпілісі".

- Үйде айнамен өз қимылдарыңа қарап, қателеріңді түзете білуге дағдыланыңдар, жақсы ма?

- Сау болыңдар, балалар, қимылдарды ұмытып қалмас үшін, үйде қайталаймыз.

Тыпырлаған аяқтар

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды аяқты тыпырлату қимылымен таныстыру; аяқты тыпырлату кезінде табанды жерге толық тигізе білуге үйрету; музыка мен қимылдың үйлесімділігін сақтай білуге дағдыландыру.

Сөздік жұмыс

"Тыпырлау", "тыпырлату", "табанды толық тигізу", "музыка мен қимыл" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Сәлемдесу, түсіндіру, дене қыздыру жаттығулары, көрсету, қайталау, жаттығу, жаттықтыру, пысықтау, үлгі ету, ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, арнайы киімдер, аяқты тыпырлату қимылы туралы суреттер мен бейнебаян көрсету, кішкентай құрсаулар, шортан мен кішкентай балықтардың бет пердесі

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Әр балаға кішкентай құрсаулар, шортан мен кішкентай балықтардың бет пердесі

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу

Педагог:

- Балалар, бәріміз менімен бірге үлкен әдемі шеңбер жасап тұрамыз.
- Балалар, міне, қыс қызығы да басталды! Жаңа қыс қызығымен амандасып алайық!
- Енді менімен бірге қимылдарды қайталаймыз.
- Жаңа жыл келді жаңаша (қолдарын жоғары көтереді),
- Төселіп аппақ алаша (қол білезіктерін айналдырады)
- Қыс қызығы басталды (алақандарын жанына жіберіп жаяды),
- Көз тоймайтын қараса! (орындарында тұрып, айналады)
- Жасаймыз қардан аққала (қолдарымен дөңгелек жасайды),
- Зырылдап, дөңнен көп шана (қолдарымен ирек жасайды).
- Иіліп, сәлем береміз (иіліп, тәжім етеді),
- Жаңа жыл келді, бақшаға! (алақандарын жанына жіберіп жаяды)
- Жарайсыңдар, балалар!

1.2. Педагог балалардың назарын өзіне аударып:

- Балалар, далада күн суықта аяқтарымыз тоңғанда не істейміз?
- Секіреміз, аяқтарымызды тыпырлатамыз, солай ма?
- Олай болса, сол аяқ тыпырлататын қимылды қайталап көрейікші?!
- Мен ортада тұрып, қимылдарды қайталап, көрсетіп тұрамын.
- Балалар, шеңбер бойымен тұрамыз, ортадағы менің қимылыма қараймыз.
- Алдымен аяқтарымызды қатар қойып, табанымыздың жерге толық тигенін қадағалаймыз.

- Енді екі аяғымызды кезек кезек көтеріп, еденге тыпырлатамыз.
- Кәне, қайталаймыз - 1,2,3,4. Тағы да қайталаймыз.
- Енді, балалар, музыка әуенімен аяқтарымызды тыпырлатайық.

1.3. Педагог:

- Балалар, енді қолымызды белімізге, екі аяқты қатар қоямыз.
- Балалар, мына дыбысты тыңдайықшы?!
- Ненің дыбысы естіледі? Тыпырлаған аяқ пен шапалақтың дыбысы естіледі.
- Кәне, бәріміз әуенсіз адымдауды орнымызда тұрып қайталайықшы!?
- Балалар, бастапқы қалыпты ұстаймыз: денеміз түзу, басымыз тік, қолымыз белімізде, аяғымыз бір-бірінен сәл алшақ, қатар және табанымыз жерге тұрады.
- Тыпырлату үшін алдымен сол аяқты көтереміз, тапырмен орнына қоямыз.
- Енді, оң аяқты көтереміз, тапырмен орнына қоямыз. Тағы да қайталаймыз.
- Балалар, бәрің бірге денемізді тік ұстап, басымызды жоғары көтереміз, тапыр дыбысының үйлесімділігін қатаң сақтаймыз, келістік пе? Орнымызда тұрып, менің санауым бойынша тапырлаймыз. Бастаймыз, 1, 2, 3,4.
- Енді, балалар, музыка әуенімен орнымызда тұрып, аттар секілді тапырлайықшы?!

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Педагог балалардың назарын тағы да өзіне аударады:

- Балалар, егер, сендер тапырлатуды үйреніп алсаңдар, ырғақпен аттар сияқты әдемі тапырлайтын боласыңдар, солай ма?
- Енді, балалар, бір орында тұрып, тапырлауды үйрену үшін құрсаудың ішінде тұрып, осы қимылдарды жасаймыз.
- Балалар, бәрің өз құрсауларыңның ішінде тұрасыңдар, бір-біріңе кедергі жасамайтындай арақашықтықты сақтаймыз.
- Балалар, бастапқы қалыпты ұстаймыз: денеміз түзу, басымыз тік, аяғымыз бір-бірінен сәл алшақ, қатар тұрады.
- Тыпырлату үшін алдымен сол аяқты көтереміз, тапырмен орнына қоямыз.
- Енді, оң аяқты көтереміз, тапырмен орнына қоямыз. Тағы да қайталаймыз.
- Балалар, бәрің бірге денемізді тік ұстап, басымызды жоғары көтереміз, тапыр дыбысының үйлесімділігін қатаң сақтаймыз, келістік пе? Орнымызда тұрып, менің санауым бойынша тапырлаймыз. Бастаймыз, 1, 2, 3,4.
- Кәне, бәріміз орнымызда тұрып, құрсаудың ішінде әуенсіз тапырлауды қайталайықшы!?
- Жарайсыңдар, балалар.
- Енді музыка әуенімен құрсаудың ішінде тапырлаймыз
- Тамаша, балалар, енді құрсауды қолымызға аламыз.

2.2. Құрсаумен музыкалық-ырғақтық қимылдар

Педагог балалардың назарын аударып:

- Балалар, сол құрсаумен тұрған жерлерінде әуенмен музыкалық-ырғақтық қимылдар жасаймыз.
- Әуен басталмас бұрын жасалатын ырғақтық қимылдарды қайталап алайық.
- Әуеннің алғашқы музыкалық такт кезінде құрсауды екі қолымызбен жоғары ұстап, өзімізді айналдыра үш рет қимыл жасаймыз.
- Келесі қимыл құрсауды екі қолымызбен жоғары ұстап, алдымен солға, содан кейін оңға кезек-кезек иіп, алты рет қимыл жасаймыз.
- Енді, келесі қимыл құрсауды жерге қойып, үш рет солға, үш рет оңға жүріп айналамыз.
- Келесі қимыл құрсаудың ішінде тұрып алақанымызды жоғары қаратып, ырғақпен жанымызға созамыз, саусақтарымызды бос ұстаймыз, алақанымызды төмен қаратып, көкірек тұсымызға алып

келеміз, қимыл жанымызға үш рет, алдымызға үш реттен алты рет қайталанады.

- Әуеннің соңғы тактінде құрсауларды оң қолымызға ұстап, сол қолымызды белімізге қойып, салтанатты адыммен шеңбер жасап жүреміз.

- Балалар, жаңағы қимылдарды әуен басталмай тұрып, тағы да қайталап аламыз. Қимылдарды іштей санау арқылы орындаймыз.

- Енді, балалар, музыка әуенімен орындаймыз. "Жаңа жыл" әніне билейміз.

2.3. "Шортан" ойыны

Ойынның мақсаты: музыка әуенімен еркін билеуге баулу.

Ойынның көрнекілігі: шортан мен кішкентай балықтардың бет пердесі.

Ойынның шарты: шеңбер құрып тұрған балалар — аквариумдағы тастар. Үлкен балық — шортан тастардың арасымен, кішкентай балықтарды қуалайды. Кішкентай балықтар: "бул-бул-бул" деп әндетіп қашады. Ұсталған балық тақпақ, ән немесе орындайды.

2.4. Қайталау жаттығулары

- Балалар, денемізді бос ұстап, шеңбер жасап тұрамыз.

- Балалар, біз бүгін тыпырлау қимылын жасап үйрендік, солай ма?

- Енді, балалар, сол тыпырлау қимылын музыка әуенімен тағы да қайталаймыз.

- Ол үшін алдымен сол тұрған орнымызда бетімізді маған қаратамыз.

- Балалар, бастапқы қалыпты ұстаймыз: денеміз түзу, басымыз тік, қолымыз белімізде, аяғымыз бір-бірінен сәл алшақ, қатар және табанымыз жерге тұрады.

- Тыпырлату үшін алдымен сол аяқты көтереміз, тапырмен орнына қоямыз.

- Енді, оң аяқты көтереміз, тапырмен орнына қоямыз. Тағы да қайталаймыз.

- Орнымызда тұрып, менің санауым бойынша тапырлаймыз. Бастаймыз, 1, 2, 3, 4.

- Енді, балалар, музыка әуенімен орнымызда тұрып, аттар секілді тапырлайықшы?!

2.5. Тыныс алу жаттығулары

- Балалар, кілемнің үстіне бәріміз жайғасайық.

- Қазіргі ойналатын музыка әуенімен бірге тербеліп, қимылдар жасаймыз.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог балалардың назарын өзіне аударып:

- Балалар, қандай қимыл түрін жасап, үйрендік? Тапырлату қимылын.

- Балалар, бұл қимылды жасағанда музыка мен аяқ үйлесімділігін қатаң қадағалау қажет, әйтпесе, дұрыс тапырлай алмай қаласыздар.

- Үйде айнаға қарап, өз қимылдарыңа қарап, қателеріңді түзете білуге дағдыланыңдар, келістік пе?

- Ал жақсы, балалар, қимылдарды ұмытып қалмас үшін, үйде қайталаймыз, сау болыңдар

Жыл басына таласқан хайуанаттар

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды хайуанаттардың жүру қимылымен таныстыру; сахналық қойылым кезінде хайуанаттар қимылын жасауда олардың кейпін бере білуге үйрету; әр кейіпкер сөзін жатқа айта білуге жаттықтыру.

Сөздік жұмыс

"Хайуанаттар", "жыл басы", "таласты" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Психологиялық ахуал, түсіндіру, дене қыздыру жаттығулары, көрсету, қайталау, жаттығу, жаттықтыру, шығармашылық әрекет, еркін би жаттығулары, ойын

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, арнайы хайуанаттар киімдері, хайуанаттардың жүру қимылы туралы сурет көрсету, хайуанаттар бетперделері, қоянның бет пердесі.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Хайуанаттар бетперделері

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Психологиялық ахуал

- Балалар, бәріміздің көңіл-күйіміз көтеріңкі, айналамызда жақсы адамдардың көп болғанын ұнатамыз. Ендеше қол ұстасып, бір-бірімізге жақсы көңіл-күй мен саулық тілейік!
- Кел, балалар, ойнайық!
- Ойнайық та ойлайық!
- Қандай реніш болса да!
- Күлкімізге тоймайық!
- Жарайсындар, балалар!

1.2. Дене қыздыру жаттығулары

Педагог:

- Балалар, қыста аңдардың қалай тіршілік ететінін білесіңдер ме? Олар қыста тоңғанда қалай жүреді екен?
- Балалар, қандай аңдардың жүрісін білесіңдер?
- Аю, қоян, түлкі, кірпілердің қалай жүретіндерін білеміз, солай ма?
- Басқа қандай аңдардың қимылын білесіңдер?
- Балалар, сиыр, жолбарыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, доңыздың қалай жүретінін білесіңдер ме?
- Балалар, олай болса, шеңбер бойымен тұрамыз.
- Қатар түзейміз. Бәріміз маған қарап тұрамыз.
- Сиыр қалай жүруші еді, балалар? Екі жағына теңселіп жүреді екен, кәне, бәріміз сиыр болып жүрейікші?! Екі жанымызға теңселеміз.
- Жолбарыс қалай жүруші еді? Алдыңғы екі аяғын ақырын қойып, қолдарымызды кезек кезек алға қозғаймыз, тағы да қайталаймыз.
- Жылан қалай жүруші еді, балалар? Ирелендеп жүреді екен, кәне, бәріміз көрсетейік, жыланның жүрісін!
- Жылқы болу үшін балалар, қолдарымызды жылқының алдыңғы аяқтары сияқты алға сермеп, жаттығу жасаймыз. Тағы да қайталаймыз.
- Қой асықпай, мамырлап жүреді, екі аяғымызды қатар қоямыз, жарайсындар, енді қой болып жүреміз.
- Балалар, келесі сәтте мешін-маймыл боламыз. Маймылдың қолдары ұзын, жерге төсеп, арқалары күжірейіп жүреді, кәне, маймыл болып жүрейік!
- Енді үш қатарға тұрамыз. Музыка әуенімен аюдың жүрісін саламыз.
- Тауық сияқты жүреміз. Аяқтарын жеңіл басып жүреді, қанаттарын қомдап қояды.

- Ит бөлу үшін, балалар, қол-аяғымызды тең ұстаймыз, ақырын жүреміз, тамаша, осы күйімізде тағы да жүреміз.
- Балалар, енді доңыз қалай жүреді екен, көрсетейікші?!
- Ол үшін екі иығымызды қозғап, қол-аяғымызды жеңіл алып жүреміз, тез жүреміз.
- Көне, жаттығуды қайталайықшы, тамаша, ырғақты жасаймыз.
- Балалар, шеңбер бойымен біріміздің артымыздан біріміз жүреміз, қоян сияқты секіру жаттығуларын музыка әуенімен жасаймыз.
- Балалар, қоянның құлақтарын көрсетейікші, ұзын екен, енді қоян сияқты қос аяқтап секірейік, жарайсындар!
- Жарайсындар, балалар!

1.3. Педагог:

- Балалар, тышқан қалай дыбыстайды?
- Тышқанның дыбысын тыңдайықшы?!
- Балалар, тышқан қалай жүреді? Аяқтары қысқа тез-тез жүреді екен, көрсетейік, бәріміз!
- Жаксы, балалар, түйе қалай дыбыстайды екен?
- Түйе қандай дыбыс шығарады екен, балалар?

- Ал, мына суретке қарасаңдар, балалар, түйенің аяқтарын жоғары көтеріп, түзу адым жасап бара жатыр.

- Балалар, біз осы түйенің қимылын үйренуіміз керек!
- Көне, бәріміз түйенің жүрісін орнымызда тұрып қайталайықшы!?
- Балалар, бүгін біз көптеген жан-жануарлардың қимылын көрсеттік, сол қимылдарды тағы да қайталайықшы?!
- Мен ортада тұрып, қимылдарды қайталап, көрсетіп тұрамын.
- Жарайсындар, балалар.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. "Жыл басына таласқан хайуанаттар" ертегісі

- Балалар, бүгін біз "Жыл басына таласқан хайуанаттар" ертегісі бойынша сахналық қойылым жасаймыз. Ол үшін алдымен ертегіні мұқият тыңдап алайық! Мен жүргізуші болып отырамын, сендер кім қай рөлге бөлінді сол кейіпкердің сөзін тыңдап отырыңдар!

Жүргізуші: Бұрынғы ерте заманда хайуандар жыл басына таласыпты. Бұл оқиға былай болған екен... Орман ортасында ұйықтап жатқан қоян есінеп, ұйқыдан жаңа оянғандай, жан- жағына қарап, біреулерді іздейді. Сол сәттен бастап ешкімді көрместен өзімен-өзі билей жөнеледі

Қоянның билеп жүргенін көрген орманның түрлі хайуанаттары жиналады. Олар да билеп, қоянға қосылып кетеді. Бидің аяғында сағаттың соққан дыбысын тыңдап тұрып қалады. «Бұл не? Иә, бұл – келе жатқан жаңа жыл ғой. Ал, жыл басы кім болады?».

Қоян:

- Қардай аппақ қоянмын,
- Жазда сұрға бояндым,
- Жылды өзім бастайтын боп,
- Тәтті ұйқыдан ояндым.
- Сол түсімде, сен болшы деп,
- Бәрің мені сұрадың,
- Не? Таңдана қарайсындар?
- Соған билеп, қуандым.

Жүргізуші: Жыл басы тек мен болам, деп хайуандар таласты. Өз-өздерін мақтаумен, айтыстары жарасты.

Жануарлардың бірінші хоры:

- Жылды қарап тұрайық,

- Ойын-сауық құрайық.
- Танды бұрын көргенді,
- Жыл басы деп ұғайық.

Жүргізуші: Ормандағы ашық алаңға жайланып жайғасқан хайуанаттардың әр қайсысы жыл басы болуды қалап: «Неге мен емес? Мен кімнен кеммін?» деген өзара талас басталады. Маңғаздана асықпай басып, ортаға алдымен Сиыр шығады

Сиыр:

- «Мө» деп мөңіредім,
- Молшылық төңірегім,
- Жыл басы боламын деп,
- Ертерек келіп едім,
- Көгалда тұрағым,
- Дайын тұр құрағым,
- Етіммен, сүтіммен,
- Адамға ұнадым.

Жүргізуші: Бір кезде ортаға жылқы шауып келіп, өзін мақтай бастайды.

Жылқы

- Алысқа шауып барамын,
- Адамның бабын табамын,
- Пайдасы мол жылқының.
- Жыл басы мен боламын,
- Әсем десең әсеммін,
- Кең далада көсіліп,
- Самал желдей есемін.

Жүргізуші: Түйе ішінен «Мен бәрінен ақылды да сұлумын, бойым да биік, жыл басын тек мен бастауым керек» деп жан-жағына менсінбей, кербездене қарайды.

Түйе

- Түйе, түйе түйемін,
- Жануармын киелі.
- Кім таласар бойыма,
- Жыл басына иемін.
- Жан-жағыма қараймын,
- Күн мен түнді санаймын.
- Мен өзімді даланың
- Кербезіне балаймын.

Жүргізуші: Түйенің сөзі аяқталысымен қаһарлана ырылдап, ортаға Жолбарыс шығады.

Жолбарыс

- «Ырр, ырр» Жолбарыспын, Жолбарыспын,
- Бәріңе де таныспын.
- Айналама сыйлымын, сыйлымын,
- Сезімсізбен алыстым, алыстым.
- Күшіме сенемін, бәріңді де жеңемін.
- Жыл басы болуға шіреніп келемін.
- Ұлу
- Ұлу деген мықтымын,
- Жарқын-жарқын шықты үнім.
- Ойым озар өзімнен,
- Ақыл, ой бар сөзімде.
- Үйім бірге өзіммен,

- Сабыр етем төзіммен.
- Күш пен көріп құлпырар,
- Салиқалы сөзімде.

Жүргізуші: Бір мезетте ортаға маймыл секіріп шығып, бәрін мазақтай бастайды. Ол жыланға келіп тиіседі. Жайбырақат жатқан Жылан шағып алғысы келеді. Маймыл сәл кідіріп, қайтадан мазақтауға көшеді. Басқа жануарлар екеуінің таластарын бақылап тұрады. Ақылды жылан соңында маймылмен татуласып, екеуі билей жөнеледі. Жылан мен маймылдың биі

Жылан

- Жыл басына лайық сұлу жыланмын,
- Күштімін де, жылдам десе жылдаммын.
- Шағады деп бекер жала жабады,
- Адамды мен умен емдей аламын.

Маймыл

- Ей, достарым, бекер дауды қойыңдар,
- Бір шындықты қайсың болсаң мойында,
- Бәріміздің ішімізден - мен ғана,
- Ұқсаймын ғой, ұқсаймын ғой адамға.

Қой

- «Бә, бә, бә» мен қоймын,
- Көк шөпке тойдым.
- Жыл басы болуға
- Кетіп тұр ойым.
- Қарандаршы қандаймын,
- Аппақ болған таңдаймын.
- Жыл басына ылайық,
- Жарқырап тұр маңдайым.

Тауық

- «Қо, қо, қо, қоқ».
- Жыл әлі неге жоқ?
- Жұмыртқамды жеген соң,
- Барлық бала тоқ.
- Құрт – құмырсқа жемтігім,
- Жоқ ешбір кемтігім.
- Бәрің де бос мақтанып,
- Шаршамандар ентігіп.

Ит

- Абалап үремін,
- Үйді қарап жүремін,
- Адамның көмекші,
- Досының бірімін.
- Ит болған соң үремін,
- Сергек өмір сүремін.
- Жеті қазынаның бірімін,
- Адамды қорғап жүремін

Жануарлардың екінші хоры. Тышқан қулық ойлайды, шик-шиқ етіп қоймайды, Шығып алып түйенің өркешімен ойнайды.

Доңыз

- Қорс, қорс етемін,
- Қорсылдақпын онысы рас,
- Жылдың басы мен болмасам,
- Сонда өзі кім болмақ?
- Мен адамды мазалап,
- Сұрамаймын тұнық су,
- Тамақты да талғамай,
- Жей беремін хрю-хрю.

Жүргізуші: Түйе мойнын созады, мен болам деп жар салып. Тышқан одан озады, жылды алғаш қарсы алып. Тышқан деген батырың, таңды көзбен атырды. Төбесінен түйенің жылды көріп қатырды.

Тышқан

- Алақай, алақай,
- Күнді көрдім алақай.
- Құлығыммен, ақылыммен
- Бәрін жеңдім алақай (2 рет).

Жүргізуші: Барлығың да қарандар, енді үйге тарандар, Жылды көрген тышқанды жыл басы деп санандар. Сол кезден бері жылды Тышқаннан кейін Сиыр, Жолбарыс, Қоян, Ұлу, Жылан, Жылқы, Қой, Мешін, Тауық, Ит, Доңыз көрген екен. Ал түйе болса аузы ашылып таңырқап, ештеңені түсінбей қала береді. Сөйтіп, жыл атауларынан құр алақан қалыпты. Жануарлардың соңғы хоры.

- Тышқан, сиыр, жолбарыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой,
- Мешін, тауық, ит, доңызды санап, жаттап біліп қой. Жан-жануарлар достық пен сыйластықты, ақылдылықты, тапқырлықты мойындап әнге қосып, би билеп, жаңа жылды тойлаған екен (Бәрі билеп, сахнадан кетеді).

2.2. Шығармашылық әрекет

Педагог:

- Балалар, ертегіні тыңдадыңдар, енді рөлдерге бөлініп, ертегіні сахналаймыз.
- Балалар, мына суретке қарандаршы, қандай кейіпкерлер бар екен?
- Балалар, енді, ертегі кейіпкерлері бойынша рөлдерді бөлдік.
- Қазір музыка әуенімен әр кейіпкер өзінің қимылы мен сөзін айтып, дайындалады.
- Әуеннің алғашқы тактінде қоян шығады, дайын тұрамыз.
- Әуен тез орындалған кезде қоян билейді. Қоянның биіне барлық хайуанаттар жиналады.
- Балалар, музыка сипатына қарай әр кейіпкер өзінің шығатын кезін нақтылап, біліп алуы керек.
- Ал, балалар, жүргізуші сөзін тыңдаймыз.
- Қоянның бейнесі пайда болды, музыканы күтіп, дайын тұрамыз.

2.3. "Көжекті ұстандар!" ойыны

Ойынның мақсаты: балалардың еркін және шығармашылық би қабілеттерін жетілдіру.

Ойынның көрнекіліктері: қоянның бет пердесі.

Ойынның барысы: бет перде киген бала музыка әуенімен билейді. Барлық бала қоянның биіне ілесе қайталайды. Көжек биін аяқтап шеңберден қашып шығуы тиіс. Кім көжекті ұстаса, сол биші көжек атанады. Көңілді музыка ойнап тұрады

2.4. Еркін би жаттығулары

- Балалар, денемізді бос ұстап, шеңбер жасап тұрамыз.
- Қазіргі ойналатын музыка әуенімен бірге тербеліп, билейміз.

- Алдымен қалай билейміз, көрсетейікші?!
- Балалар, би еркін болады, әркім өзі білетін қимылдарды орындайды.
- Кән, бәріміз, әуен басталмай тұрып, жаттығып алайық.
- Жарайсыңдар, балалар.
- Енді, музыка әуенімен биді бастаймыз.

2.5. Тыныс алу жаттығулары

- Балалар, денемізді бос ұстап, ақырын шеңбер жасап жүреміз.
- Қазіргі ойналатын музыка әуенімен бірге тербелеміз.
- Балалар, музыка әуеніндегі сөздерді тыңдай жүріп, жаттығуларды жасаймыз.
- Бәріміз бірге жаттығулар жасаймыз!

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог балаларға ризашылығын білдіріп:

- Балалар, біз бүгін қандай қимылдар жасап үйрендік?
- Ертегідегі хайуанаттардың жүру қимылдарын үйрендік.
- Қандай ертегіні сахналадық?
- Балалар, бәрің өз рөлдеріңді тамаша ойнап шықтыңдар, жарайсыңдар!
- Жақсы, балалар, сау болыңдар.

"Шалқан" ертегісінің музыкалық сахналық қойылымы

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды ертегідегі кейіпкерлердің жүру қимылымен таныстыру; сахналық қойылым кезінде шығармашылық қабілеттерін дамыту; әр кейіпкердің мінез-құлқын ертегі мазмұнына сай жасау дағдыларына жаттықтыру.

Сөздік жұмыс

"Шалқан", "үп-үлкен", "әрі-бері" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Психологиялық ахуал, түсіндіру, дене қыздыру жаттығулары, көрсету, қайталау, жаттығу, жаттықтыру, шығармашылық әрекет, еркін би жаттығулары, ойын

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, арнайы кейіпкерлер киімдері, кейіпкерлердің суреттер мен бейнебаян көрсету, ертегі кейіпкерлерінің бетперделері

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Ертегі кейіпкерлерінің бетперделері

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Психологиялық ахуал

– Балалар, бүгін көңіл-күйі көтеріңкі, өміріміздің күлкіге толы болғанын бәріміз ұнатамыз. Ендеше қол ұстасып, бір-бірімізге және қоршаған ортамызға жақсы күлкі мен көңіл-күй тілейік! Әрқайсымыз өзіміздің "мендігімізді" жоғары бағалайық!

- Кел, балалар, күлейік!
- Күлкіменен түлейік!
- Күлкі- көңіл ажары !
- Күліп өмір сүрейік!
- Күлкі сыйлап ортаға,
- Ән салайық, билейік!
- Шақырып бәрін ортаға,
- Біз жаңаша түлейік!
- Жарайсыңдар, балалар!

1.2. Дене қыздыру жаттығулары

Педагог:

- Балалар, көгөніске байланысты қандай ертегі білесіңдер?
- "Шалқан" ертегісі бар екен, солай ма?
- Балалар, олай болса, шеңбер бойымен тұрамыз.
- Біріміздің артымыздан біріміз ақырын шеңбер жасап жүре отырып, "Шалқан" ертегісі кейіпкерлерін есімізге түсіреміз.
- "Шалқан" ертегісі қандай кейіпкерлерден басталушы еді, балалар? Атадан басталады екен.
- Ендеше, балалар, атаның жүрісін көрсетейікші? Белімізді сәл бүгіп, еңкейіп жүреміз, жарайсыңдар!
- Келесі қандай кейіпкер шығады, балалар? Әже шығады екен.
- Олай болса, әженің жүрісін салайық, әже де ата сияқты бүгіліп, еңкейіп жүреді, бірақ, атаға қарағанда тезірек жүреді екен.
- Енді қандай кейіпкер шығады? Немере қыздары екен, қыз сияқты жүгіріп, тез жүреміз, жарайсыңдар.
- Балалар, шеңбермен жүруді тоқтатпаймыз.
- Немере қыздан кейін не шығады, балалар? Ит шығады екен. Онда иттің жүрісін салайық. Тамаша!
- Иттен кейін не шығады? Мысық шығады. Мысықтың жүрісін саламыз, жарайсыңдар!
- Балалар, енді не шығады екен, тышқан екен, онда тышқанның жүрісін көрсетейікші?!

- Кәне, балалар, жаңағы кейіпкерлер жүрісін қайталайықшы, тамаша, қимылдарды ырғақты жасаймыз.
- Балалар, шеңбер бойымен біріміздің артымыздан біріміз жүреміз, енді қимылдарды музыка әуенімен жасаймыз.
- Жарайсыңдар, балалар!

1.3. Педагог:

- Балалар, қазір біз "Шалқан" ертегісін сахналаймыз. Ол үшін рөлдерді сендерге бөліп беремін, сол бөлінген рөлдер бойынша дайындаламыз.
- Енді, балалар, орындықтарға жайғасамыз.
- Жаксы, балалар, енді бөлінген рөлдер бойынша балалар ортаға шығасыңдар, қалған балалар, осы балалардың қимыл-қозғалысына қарап отырамыз, келесі жолы сендер шығасыңдар.
- Ал, мына суретке қарасандар, балалар, "Шалқан" ертегісі кейіпкерлерін көресіңдер.
- Балалар, ата мен әженің бет-әлпетіне назар аударайықшы, екеуі де қартайған, шаршаған, біз осы бет-әлпет қимылын үйренуіміз керек!
- Кәне, бәріміз ата мен әженің бет-әлпет қимылын жасайықшы!? Жаксы.
- Ал, қыз көңілді, оның бет әлпетін сала аласыңдар.
- Ит те көңілді екен, балалар, кәне, иттің жүрісі мен қимылын жасайық, жарайсыңдар.
- Енді, мысыққа қараңдаршы, көмекке асығып, жүгіріп келе жатыр. Мысықтың қимылдарын жасаймыз. Тағы да қайталаймыз.
- Балалар, тышқан жоқ қой? Ол шығуға дайындалып жатыр екен, кәне, тышқанның қимылын салайық?!
- "Шалқан" ертегісі www.youtube.com/watch?v=tly_97F39_0
- Балалар, енді тақтаға қарап "Шалқан" ертегісінің қысқаша бейнебаянын сілтеме бойынша тамашалап алайық!

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. "Шалқан" ертегісі

- Балалар, енді "Шалқан" ертегісіне сахналық қойылым жасаймыз.
 - Ол үшін алдымен ертегіні тағы да мұқият тыңдап алайық.
- Баяғы бір заманда шал мен кемпір болыпты
Олардың бақшасы бар екен. Бірде шал шалқан отырғызады.
Шалқан үп-үлкен боп өседі.
Бір күні шал шалқанды жерден суырып алмақшы болады. Ары тартады, бері тартады. Бірақ шалқанды шығара алмайды.
Шал көмекке кемпірін шақырады
Кемпір шалдан, шал шалқаннан ұстап, ары тартады, бері тартады. Бірақ орнынан қозғалта да алмайды.
Кемпір көмекке немере қызын шақырады
Немересі кемпірден, кемпір шалдан, шал шалқаннан ұстап, ары тартады, бері тартады. Тағы да суырып шығара алмайды.
Немере қызы итін шақырады
Ит қыздың етегінен, немересі кемпірден, кемпір шалдан, шал шалқаннан ұстап, ары тартады, бері тартады. Шалқанды суыра алмайды. Енді ит көмекке мысықты шақырады
Мысық иттің құйрығынан, ит қыздың етегінен, немересі кемпірден, кемпір шалдан, шал шалқаннан ұстап, ары жүлқиды, бері жүлқиды. Шалқан шықпайды.
Мысық болса, тышқанды шақырады
Тышқан келіп мысықтың құйрығынан, мысық иттен, ит немересінің етегінен, қыз кемпірден, кемпір шалдан, шал шалқаннан ұстайды.
Олар тарта-тарта ақыры шалқанды суырып шығарады

2.2. Шығармашылық әрекет

Педагог:

- Балалар, ертегіні тыңдадыңдар, енді рөлдерге бөлініп, ертегіні сахналаймыз.

- Балалар, мына суретке қарандаршы, қандай кейіпкер бар?
- Балалар, енді, ертегі кейіпкерлері бойынша рөлдерді бөлдік.
- Қазір әр кейіпкер өзінің қимылы мен сөзін айтып, дайындалады.
- Әуеннің алғашқы тактіңде ата шығады, шалқанды егеді, дайын тұрамыз.
- Одан кейін әже шығады.
- Әжеден кейін немере қыз шығады, оның иті мен мысығы шығады.
- Ал, балалар, тышқан пайда болды, шалқанды тартуға дайын тұрамыз.

2.3. «Сөйлеген кім?» ойыны (тембрді айыру үшін арналған ойын)

Балалар шеңбер жасап жүріп әндетеді. Шет жақта, балаларға сыртын беріп отырған бала, ертегі кейіпкеріндегі баланың сөйлеген дауысын тануы керек. Отырған бала сөйлеген баланы дауысынан таныса, олар орын ауыстырады.

- Көп бала бар бөлмеде,
- Біреуі ғана сөйлейді.
- Ал сырттағы
- Кім екен деп тамсанады

Бір бала былай деп әндетеді:

- Мен бақытты бөбекпін,
- Таудай биік талабым,
- Сөйлегенге зерекпін,
- Бірден қағып аламын.

2.4. Еркін би жаттығулары

- Балалар, денемізді бос ұстап, шеңбер жасап тұрамыз.
- Қазіргі ойналатын музыка әуенімен бірге тербеліп, билейміз.
- Алдымен қалай билейміз, көрсетейікші?!
- Балалар, би еркін болады, әркім өзі білетін қимылдарды орындайды.
- Кән, бәріміз, әуен басталмай тұрып, жаттығып алайық.
- Жарайсыңдар, балалар.
- Енді, музыка әуенімен биді бастаймыз.

2.5. Тыныс алу жаттығулары

- Балалар, денемізді бос ұстап, ақырын шеңбер жасап жүреміз.
- Қазіргі ойналатын музыка әуенімен бірге тербелеміз.
- Балалар, музыка әуеніндегі сөздерді тындап, кілем үстінде жаттығуларды жасаймыз.
- Бәріміз бірге жаттығуларды жасаймыз!

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог балаларға ризашылығын білдіріп:

- Балалар, біз бүгін қандай қимылдар жасап үйрендік?
- "Шалқан" ертегісінің кейіпкерлерінің жүру қимылдарын үйрендік.
- Қандай ертегіні сахналадық?
- Балалар, "Шалқан" ертегісін сахналағанымыз өздеріңе ұнады ма?
- Жаксы, балалар, бүгін тамаша шығармашылық көрсеттіңдер, сау болыңдар.

Шығармашыл баламыз

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды кез келген кейіпкердің қимылдарын өздігінен шығармашылықпен жасай білуге үйрету; басталған қимылдың жалғасын өз шығармашылығымен аяқтауға жаттықтыру; өз қабілеті мен шығармашылығына ризашылық сезімін арттыру.

Сөздік жұмыс

"Шығармашылық", "қабілет", "ойлап табу", "қимыл", "музыка" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Релаксация, түсіндіру, ой қозғау, көрсету, қайталау, жаттығу, жаттықтыру, пысықтау, үлгі ету, ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, арнайы киімдер, кейіпкерлер туралы суреттер көрсету, кішкентай орамалдар

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Әр балаға кішкентай орамалдар

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Релаксация "Қайық"

- Балалар, бүгін бәрің әдемі болып кетіпсіңдер ғой!
- Балалар, кәне, бәріміз шеңбер жасап, кілемге жайғасайық!
- Енді менімен бірге қайық қимылдарын қайталаймыз.
- Балалар, қайық техника түріне жата ма?
- Қайықты жүргізетін кім екен? Біз екен.
- Ендіше музыка әуенімен бірге сөздерін тыңдай отырып, қайық қимылдарын қайталаймыз.
- Қайық қалай алға-артқа тербеледі екен, көрсетейікші?
- Қолымызды алдымызға созып, қолды сыртқа айналдырып, алға сермеу қимылдарын жасаймыз.
- Қалай тербелеміз?
- Кеудемізді жоғары көтеріп, иығымызды оң және солға ырғақты қимылдатып, жаттығулар жасаймыз.
- Басымызды оңға және солға ырғақты қимылдатамыз.
- Жарайсыңдар, балалар!

1.2. Ой қозғау

«Ешкілер»

- Балалар, мына суретке қарандаршы, көпірде кездескен екі қыңыр ешкі туралы білесіңдер ме?
- Олай болса, қысқаша айтайын. Екі ешкі бір-бірімен өзендегі көпір ортасында кездесіп қалады да бір-біріне жол бермей, сүзісе бастайды. Ақыры келісе алмай, екеуі де өзенге құлайды.
- Балалар, енді, осы оқиғаны қимылмен көрсетейікші?!
- Міне, көпір! (алақанды алақанға қою)
- Міне сүзеген ешкі! (тік саусақпен шынашақты алға созу)
- Қыңыр мен қынар кездесе, сүзіседі (тік саусақ пен шынашақтар 8 рет қосылады)
- Сүзісті, сүзісті. Төбелесті (алақан саусақтары айқастырылды),
- Сосын өзенге құлап кетті (саусақтарын төмен, екі тізенің арасына кіреді).
- Ұнады ма, балалар? Тағы да қайталаймыз.

1.3. Педагог балалардың өзіне аударады:

- Балалар, бүгін біз шығармашылықпен айналысамыз.
- Жаңағыдай ешкілер сияқты шағын әңгімелерді тыңдай отырып, соған байланысты қимылдар жасауды үйренеміз.
- Кәне, бәріміз орнымыздан тұрып, шеңбер бойымен біріміздің артымыздан біріміз тұрамыз.
- Балалар, бастапқы қалыпты ұстаймыз: денеміз түзу, басымыз тік, аяғымыз бір-бірінен сәл алшақ,

қатар тұрады, қолымызды белімізге қоямыз, музыка әуенімен еркін қимылдар жасап, құлыншақ сияқты билейміз.

- Бұл қимылды жасағанда әуендегі сөздерді тыңдаймыз.
- Кәне, балалар, музыка әуенінсіз өзіміз тағы да қайталайықшы?!
- Енді, балалар, музыка әуенімен құлыншақ сияқты қимыл жасап жүреміз
- Жарайсыңдар, балалар!

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Педагог:

- Балалар, тақтадан ненің суретін көріп тұрсыңдар?
 - Енді, балалар, бәріміз шар болайықшы?!
- «Шар»
- Тез шарды үрлейміз (қол саусақтарын біріктіру, сосын жазу),
 - Шар үлкейе түсті (жаймен қолдарымен екі жаққа созу).
 - Шар кенет жарылып кетті (алақанын шапалақтау),
 - Желі шығып кетті (алақанға үрлеу),
 - Шар жіңішке, кішкене болып қалды (қолды бір-біріне қосу).
 - Тағы да қайталаймыз.
 - Енді, шарға арналған қимылдарды музыка әуені бойынша жасап көрейікші?!

2.2. Орамалмен музыкалық-ырғақтық қимылдар

Педагог:

- Балалар, сол тұрған жерлерінде әуенмен музыкалық-ырғақтық қимылдар жасаймыз.
- Әуен басталмас бұрын жасалатын ырғақтық қимылдарды қайталап алайық.
- Әуеннің алғашқы музыкалық такт кезінде орамалды оң қолымызбен жоғары ұстап, айналдырамыз.
- Келесі қимыл орамалды сол қолымызбен жоғары ұстап, айналдырамыз.
- Енді, келесі қимыл орамалмен бетімізді жауып, үш рет солға, үш рет оңға жылжытамыз.
- Келесі қимыл орамалымызды екі қолымызбен жоғары көтеріп, ырғақпен жанымызға созамыз, көкірек тұсымызға алып келеміз, қимыл жанымызға үш рет, алдымызға үш реттен алты рет қайталанады.
- Әуеннің соңғы тактінде орамалды оң қолымызбен ұстап, сол қолымызбен төмен қарай толқын жасаймыз, енді осы қимылды келесі жаққа жасаймыз.
- Балалар, жаңағы қимылдарды әуен басталмай тұрып, тағы да қайталап аламыз. Қимылдарды іштей санау арқылы орындаймыз.
- Енді, балалар, "Табиғат" музыка әуенімен орындаймыз.
- Жарайсыңдар, балалар!

2.3. «Балақан да алақан» ойыны

Ойынның шарты: Балалар дөңгелене шеңбер жасап отырады. Музыка ойнаған кезде, балалар ән ырғағына ілесіп, қол соғып, өлең айтады. Алақандарын басқалардан бөлек, жаңылыс соққандар, не басқадай бір қылығымен ойын тәртібін бұзғандар «кінәлі бала» болып табылады. Оларды ортаға жеке шығарып, кінәсін ақтау үшін өлең, тақпақ айтқызып, билетеді.

- Кел, балалар, шапалақтап,
- Алақанды ұрайық.
- Жаңылғанды ортаға ап,
- Бір өнерін сұрайық.

Қ – сы

- Ла – ла – ла – ла,
- Балақан.

- Ла – ла – ла – ла,
- Алақан.
- Айып тартсақ саспайық,
- Қысылмайық қиналып.
- Кел, ойынды бастайық,
- Келді достар жиналып.

Қ – сы

- Ла – ла – ла – ла,
- Балақан.
- Ла – ла – ла – ла,
- Алақан.

Бәрі қол шапалақтап, өлең қайырмасын айтып тұрып, кінәлі баланы бақылайды. Оны тапқан кезде, айыбына эн, би, немесе тақпақ сұрайды. Кінәлі бала айыбын өтеген соң, ойын одан әрі жалғасады.

Бәрі сол балаға бұрылып тұрып, былай дейді:

- Соғылғанда алақан,
- Жаңылдың сен, балақан.
- Шаю үшін кінәңді,
- Көрсет бір өнеріңді.

2.4. Шығармашылық жаттығулар

- Балалар, денемізді бос ұстап, ақырын шеңбер жасап жүреміз.
- Балалар, қазіргі музыка әуенімен шегіртке сияқты қос аяқпен секіреміз
- Енді балалар, музыка әуенімен гүлдер боламыз
- Енді бұғы боламыз
- Музыка әуенімен самал жел боламыз
- Енді шеңбер жасай жүріп, толқын қимылдарын жасаймыз
- Балалар, енді өз қалауымызбен би қимылдарын жасаймыз.
- Жарайсыңдар, балалар.

2.5. Тыныс алу жаттығулары

- Балалар, біз техниканы жақсы көреміз бе?
- Олай болса, бәріміз тыныс алу жаттығулары кезінде тағы да қайық болайық
- Балалар, денемізді бос ұстап, ақырын шеңбер жасап жүреміз.
- Қазіргі ойналатын музыка әуенімен бірге тербелеміз.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог:

- Балалар, қандай қимыл түрін жасап, үйрендік? Ерікті қимылдар жасауды үйрендік.
- Шағын әңгімеге байланысты қандай қимылдар жасадық?
- Екі еңкінің қимылдарын жасауды үйрендік.
- Шар қимылдарын жасауды үйрендік.
- Жақсы, балалар, қимылдарды ұмытып қалмас үшін, үйде сөзімен бірге қайталаймыз, сау болыңдар.

Галоп биі

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды галоп биінің адымымен таныстыру; жұппен бүйірлік қадам жасау кезінде қол мен аяқ үйлесімділігін сақтай білуге үйрету; галоп биіндегі қимылды әуенге сай жасау дағдыларына жаттықтыру.

Сөздік жұмыс

"Бүйірлік жүру", "жұппен бүйірлік қадам", "жылдам жүру", "қол ұстасып, айналып жүру" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Шаттық шеңбері, түсіндіру, дене қыздыру жаттығулары, көрсету, қайталау, жаттығу, жаттықтыру, пысықтау, үлгі ету, ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, арнайы киімдер, "Галоп" биі туралы суреттер мен бейнебаян көрсету, үлкен және кіші құстардың суреті, қауырсындар

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Әр балаға қауырсындар

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Шаттық шеңбері

Педагог:

- Балалар, көктем келіп, бәрің құлпырып кетіпсіңдер!
- Көңіл-күйлерің керемет екені бет-әлпеттеріңде тұр!
- Көктем келіп, құстар қалай көңілді болса, біз де сондай көңілді күйдеміз!
- Олай болса, құстарды қалай жақсы көретінімізді көрсетейікші!
- Құстар келді бақшама (қолдарын қанат сияқты сермейді),
- Қуанышты ән салып (қол білезіктерін айналдырады)
- Сайрап отыр бақшада (қолдарын жоғары көтереді),
- Барлық құстар ән салып (орындарында тұрып, айналады)
- Көңілдіміз бәріміз (қол білезіктерін айналдырады),
- Ән саламыз, билейміз (аяқтарын топылдатады).
- Көктем келді, бәріміз (қолдарын жанына жібереді),
- Жаңа гүлдей түлейміз! (қолдарын жайқалған гүлдей сермейді)
- Жарайсындар, балалар!

1.2. Педагог балалардың назарын өзіне аударып:

- Балалар, бүгін де біз жұптасып шеңбер бойымен қозғалу қимылдарын жасап үйренеміз. Мұндай қимылдар галоп биінде де жиі кездеседі.
- Галоп биі — би кештерінде жұптасып немесе көп кісі болып билейтін би.
- Балалар, алдымен мына суретке назар аударайықшы?! Кімдерді көріп тұрсындар?
- Қыз бен ер адам билеп жатыр екен. Қыз бен ер адам "Галоп" биін билеп жатыр.
- Балалар, қыз бен ер адамның би кезіндегі аяқ қимылына қараңдаршы?!
- Үстіндегі киімдері вальсқа арналған киімдер болып табылады.
- Ал, мына суретте балалар, кәдімгі ертедегі галоп биі. Адамдар осындай қалың топпен билейтін болған.
- Балалар, алдымен "Галоп" биінің шығармасын тыңдап көрейікші?!

1.3. Педагог балаларға би қимылдарын үйрету мақсатында:

- Балалар, "Галоп" биінде жұптасып шеңбер бойымен жарты адымдап және бүйірлі қадам жасап жүреді.
- Балалар, мына суретке қараңдаршы, бишілер, денелерін түзу, бастарын тік ұстап, қолдарын айқастыра, тізелерін бүкпей, аяқтарын түзу ұстап, жұптасып, вальстік қадам жасап жатыр.

- Ал, мына суретке қарасандар, балалар, екі жұп жарты адым жасап бара жатыр.
- Балалар, біз осы қимылдарды үйренуіміз керек!
- Кәне, бәріміз әуенсіз адымдауды орнымызда тұрып қайталайықшы!?
- Мен ортада тұрып, қимылдарды қайталап, көрсетіп тұрамын.
- Балалар, бастапқы қалыпты ұстаймыз: жұппен тұрамыз, денеміз түзу, басымыз тік, аяғымыз бір-бірінен сәл алшақ, қатар тұрады.
- Адымдау үшін алдымен қолымызды айқастырамыз, сол аяқтың ұшын және өкшесін жұппен бірге жерге тигіземіз, енді, оң аяқтың ұшын және өкшесін жұппен бірге жерге тигіземіз.
- Балалар, тағы да қайталаймыз. Осылай кезек-кезек екі де төрттік өлшемде адым жаттығуларын жасаймыз. Тағы да қайталаймыз.
- Балалар, бәрің бірге денемізді тік ұстап, басымызды жоғары көтереміз, қол мен аяқ үйлесімділігін қатаң сақтаймыз, келістік пе? Орнымызда тұрып, менің санауым бойынша адымдаймыз. Бастаймыз, 1, 2, 3, 4.
- Енді, балалар, "Галоп" әуенімен жұптасып, алға қарай адымдайықшы?!

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Педагог балалардың назарын өзіне аударды:

- Балалар, егер, сендер "Галоп" биінің жарты адым мен бүйірлік қадамын үйреніп алсаңдар, вальсті жақсы билейтін боласыңдар, солай ма?
- Балалар, бәрің өз жұптарыңмен тұрыңдар, қолдарымызды айқастырып ұстаймыз, бір-біріңе кедергі жасамайтындай арақашықтықты сақтаймыз.
- Балалар, бастапқы қалыпты ұстаймыз: денеміз түзу, басымыз тік, аяғымыз бір-бірінен сәл алшақ, қатар тұрады.
- Алдымен адымдау үшін қолымызды айқастырамыз, сол аяқтың ұшын және өкшесін жұппен бірге жерге тигіземіз, енді, оң аяқтың ұшын және өкшесін жұппен бірге жерге тигіземіз.
- Балалар, тағы да қайталаймыз. Осылай кезек-кезек екі де төрттік өлшемде адым жаттығуларын жасаймыз. Тағы да қайталаймыз.
- Кәне, бәріміз орнымызда тұрып, қимылдарды қайталайықшы!? Жарайсыңдар, балалар.

2.2. Қауырсындармен музыкалық-ырғақтық қимылдар

Педагог:

- Балалар, қолымыздағы қауырсындармен музыкалық-ырғақтық қимылдар жасаймыз.
- Әуен басталмас бұрын жасалатын ырғақтық қимылдарды қайталап алайық.
- Әуеннің алғашқы музыкалық такт кезінде қауырсынды екі қолымызбен жоғары ұстап, қолымызды дірілдетеміз.
- Келесі қимыл қауырсынды екі қолымызбен жоғары ұстап, алдымен солға, содан кейін оңға кезек-кезек иіп, алты рет қимыл жасаймыз.
- Енді, келесі қимыл қауырсынды артымызға жасырып, солға бұрыламыз, қалыпқа келіп, қауырсынды алдымызға қоямыз, қайтадан артымызға жасырып, оңға бұрыламыз, қалыпқа келіп, қауырсынды алдымызға қоямыз.
- Келесі қимыл қауырсындарымызды жоғары көтеріп, ырғақпен сол жанымызға созамыз, бастапқы қалыпқа келеміз, қауырсындарымызды жоғары көтеріп, ырғақпен оң жанымызға созамыз, бастапқы қалыпқа келеміз, қимыл үш реттен алты рет қайталанады.
- Әуеннің соңғы тактінде қауырсындарды оң қолымызға ұстап, сол қолымызды белімізге қойып, орнымызда тұрып айналамыз, жаттығу келесі жаққа қайталанады.
- Балалар, осы қимылдарды әуен басталмай тұрып, тағы да қайталап аламыз. Қимылдарды іштей санау арқылы орындаймыз.
- Енді, балалар, музыка әуенімен орындаймыз. "Құс келді" әніне билейміз.
- Балалар, неге біз "Құс келді" әніне билегелі жатырмыз? Себебі, көктеммен бірге құс келді!

2.3. "Құстың даусын тап" ойыны

Ойынның мақсаты: музыкадағы жоғарғы және төменгі дыбыстарды ажырату, есту сезіміне тәрбиелеу.

Ойынның көрнекіліктері: үлкен және кіші құстардың суреті.

Ойынның шарты: құстардың суреті балаларға үлестіріліп беріледі. Балалар "Ку-ку" деп құстар сияқты әндетеді. Үлкен құстар - жуан әндетеді, кішкентай құстар - жіңішке дыбыста әндетеді.

- Кәне, балалар, ойынды бастаймыз. Педагог балалардың ойынды дұрыс ойнауларын қадағалап отырады.

2.4. Қайталау жаттығулары

- Балалар, біз бүгін қандай қимылдар жасап үйрендік?

- "Галоп" биіндегі жарты адым, бүйірлік қадам, қолды айқастыра ұстау қимылдарын үйрендік.

- Балалар, осы қимылдарды қайталап алайық!?

- Бастапқы қалыпты ұстаймыз: жұппен тұрамыз, денеміз түзу, басымыз тік, аяғымыз бір-бірінен сәл алшақ, қатар тұрады.

- Адымдау үшін алдымен қолымызды айқастырамыз, сол аяқтың ұшын және өкшесін жұппен бірге жерге тигіземіз, енді, оң аяқтың ұшын және өкшесін жұппен бірге жерге тигіземіз.

- Балалар, тағы да қайталаймыз. Осылай кезек-кезек екі де төрттік өлшемде адым жаттығуларын жасаймыз. Тағы да қайталаймыз.

- Балалар, бәрің бірге денемізді тік ұстап, басымызды жоғары көтереміз, қол мен аяқ үйлесімділігін қатаң сақтаймыз, келістік пе? Орнымызда тұрып, менің санауым бойынша адымдаймыз. Бастаймыз, 1, 2, 3, 4.

- Кәне, орнымызда тұрып, қайталаймыз, қол мен аяқ үйлесімділігін сақтаймыз. Енді шеңбер жасай жүріп, музыкасыз қайталаймыз.

- Балалар, "Галоп" биіндегі жарты адым, бүйірлік қадам, қолды айқастыра ұстау қимылдарын музыка әуенімен жасауға дайынсыңдар ма? Ендеше, бастаймыз.

2.5. Тыныс алу жаттығулары

- Балалар, денемізді бос ұстап, ақырын шеңбер жасап жүреміз.

- Қазіргі ойналатын музыка әуенімен бірге тербелеміз.

- Алдымен әуендегі сөздерді мұқият тыңдап, әуенмен бірге жаттығуларды жасайықшы?!

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог балалардың назарын өзіне аударып:

- Балалар, біз бүгін қандай қимылдар жасап үйрендік?

- "Галоп" биіндегі "бүйірлік жүру", "жұппен бүйірлік қадам", "жылдам жүру", "қол ұстасып, айналып жүру" қимылдарын үйрендік.

- Үйде айнаға қарап, өз қимылдарыңа қарап, қателеріңді түзете білуге дағдыланыңдар, жақсы ма?

- Рақмет, балалар, қимылдарды ұмытып қалмас үшін, үйде қайталаймыз, сау болыңдар.

Қош келдің, Наурыз!

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға Наурыз айының шығыс халықтарында жыл басы саналатындығы туралы түсінік беру; Наурыздың 22 - сінде күн мен түннің теңелетіндігі және күннің ұзарып, түннің қысқаратындығы жайлы білімдерін кеңейту; ұлттық салт-дәстүрлерді құрметтеп, оларды мақтан тұтуға тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

"Наурыз - жыл басы", "шығыс мейрамы", "күн мен түн теңеледі" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Құттықтау сөз, түсіндіру, шығармашылық әрекет, айтыс, би, ойын

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, ұлттық және арнайы кейіпкерлер киімдері, мерекеге байланысты суреттер мен бейнебаян көрсету, арқан, ұзын ақ жол мата, 1,5 м ала жіп, қайшы, кейіпкерлер бетперделері

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Кейіпкерлер бетперделері

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Құттықтау сөз

- Наурыз айы жүректерге нұр сепкен,
- Маңдайымнан сүйіп жатыр нұр көктем!
- Жарығымен, шуағымен Күн - Ана
- Алып келдің, жер бетіне нұр көктем!
- Осыншама жақсылық,
- Алып келдің, Наурызым!
- Төрлет, бізге нұр болып,
- Шуақ шашып нұр жүзің!
- Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!

1.2. Педагог:

- Жер шарын мекендеген ұлттар мен елдердің сан түрлі мейрамы бар. Ал Наурыз - қазақ халқының шын мағынасындағы ұлттық мейрамы

Бұл күн мен түн теңелетін мереке

Сондықтан да халқымыз Наурызды «Жыл басы», «Ұлыстың ұлы күні» деп атайды.

Қазақ халқының күнтізбесі бойынша Наурыз мерекесі көктеммен бірге келеді. Өйткені, көктемде жер дүние жасарып, жаңарады, өмірге қайта келеді. Осы тіршілікпен бірге адамдардың да өмірі жанданады, жайнай түседі. Олай болса, бүкіл тіршілік атаулыны жаңартып, жақсартқан Наурызға шын ниетпен «Қош келдің, Әз Наурыз!» деп атайық.

Балалар хормен: «Қош келдің, Әз Наурыз!»

"Қара жорға" биі.

1.3. Педагог:

- Балалар біздер қандай мерекені тойлап жатырмыз?
- Наурыз мерекесін тойлап жатырмыз.
- Балалар, бізге Наурыз да келіп қалыпты.
- Балалар, осындай Ұлыстың ұлы күні наурыз көжеден ауыз тиейік.
- Наурыз көже өте дәмді екен. Оны қалай дайындайтынын білесіңдер ме?
- Наурыз көже Наурыз мейрамының негізгі тамағы.
- Оған 7 түрлі тағам қосылады. Олар: қыстан қалған сүр, айран, сүт, тұз, құрт, тары, бидай. 7 саны киелі сан. Ал наурыз көже тоқшылық белгісі.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Педагог:

- Балалар, ортамызға Наурыз мерекесінің құтты қонақтары, біздің сүйікті ертегілеріміздің кейіпкерлері Батыр мен қаңбақ шалды шақырайық.

Ортаға алпамса денелі батыр

сахнаға шыққан кезде қарсы алдынан қаңбақ шал кіреді

Қаңбақ шал:

- Ассалаумағалейкум, батыр еке! Жолың болсын, қайда шықтың?

Батыр:

- Әлейкумәссалам, Қаңбақ ата! Наурыз тойына бара жатырмын.

Қаңбақ шал:

- Олай болса, екеуіміздің жолымыз бір болып шықты. Енді міне, сен сияқты батырмен сапарлас болу бақытына ие болдым. Бірақ менің де саған пайдам тиер. Сен мықты, ержүрек болсаң, мен жеңілмін, әрі қумын.

Осы кезде Жалмауыз кемпір кіріп келеді

Қолында сыпырғышы бар, бір нәрседен құр қалғандай жүгіріп шығады.

Жалмауыз кемпір:

- Ә, бәлем, мен бұлардың қайда жиналғанын біліп алдым. Мені неге шақырмаған? Егер, бұлар мені тойына өздерімен бірге ертіп кетпесе, өз обалдары өздеріне, екеуін жолдан адастыру мен үшін түк емес.

Жалмауыз кемпір сыпырғышымен жолды оңды-солды сиқырлай бастайды:

- «Адасып кетіндер, Наурыз тойына жете алмай қалыңдар»

Батыр:

- Сіз мұнда не істеп жүрсіз, әжеке?

Жалмауыз кемпір:

- Сендер тойға бара алмай қалсын деп жолдарыңды дуалап жатырмын. Ал егер, мені алып кететін болсаңдар, ең қысқа жолды көрсетемін.

Батыр:

- Жарайды, ертіп барайық, бірақ онда қалу қалмауыңды балалар шешеді.

Қонақтар балалармен амандасады, балаларды мерекемен құттықтайды

Қаңбақ шал:

- Кішкентай достар, сендердің шақыруларыңа қуанып келе жатыр едік. Жалмауыз кемпір ілесіп «тойға менде барамын деп» қалмай қойды. Біз оны ертіп келуге мәжбүр болдық. Бірақ бәрі сендердің қалауларың бойынша шешіледі. Адамға қастандық ойлап, зиян шектіргеннен басқа түк білмейтін Жалмауыз кемпір тойға қаттысын ба, әлде қайтарып жіберейік пе?

Педагог:

- Балалар, қонақтар бүгін қасиетті күн. Бұл мейрамда ерекше қалыптасқан салт-дәстүр бар. Ұлыстың ұлы күні бір-бірімен араз адамдар татуласып, бір-біріне деген өкпесін кешіреді. Қатал, қайырымсыз адамдар мейірімді болып, арам адамдар шыншылға айналады. Оның айқын дәлелі осы күні адамдар бір-бірімен құшақтасып, көрісіп амандасуы. Олай болса, Батыр, Қаңбақ шал бүгінгі қасиетті мейрамда Жалмауыз кемпірді кешіріп, өткен кеткенді ұмытып көрісіп амандасайық.

Музыка ырғағымен Батыр, Қаңбақ шал, Жалмауыз кемпір бір-бірімен көрісіп амандасады.

Педагог:

- Ұлыс күні кәрі жас,
- Құшақтасып көріскен
- Жаңа ағытқан төлдей
- Жамырасып өріскен

- Шалдар баға беріскен

Жалмауыз кемпір:

- Ой, ой, маған не боп барады? Менің түрім өзгеріп барады. Жүрегім біртүрлі жылып кетті. Денем де нәзіктеніп, сұлуланып бара жатқандай.

- Ой, алақай мен мейірімді болдым - деп иығындағы ақ орамалын басына байлап, әдемі әжеге айналады.

- Айналайын құлыншақтарым, Ұлыстың ұлы күні құтты болсын, ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!

Педагог:

- Міне, Наурыз мейрамының ерекше мейрам екеніне тағы бір көзіміз жетті. Жалмауыз кемпір мейірімді әжеге айналды. Ал, енді біздің балаларымыздың өнерін тамашалаңыздар.

2.2. Шығармашылық әрекет

Педагог:

- Халқымыздың ұлттық өнерінің тағы бір керемет түрі бұл айтыс. Наурыз мейрамында ақындар айтысы болып отырған. Ақындар жақсылық пен жамандық, суық пен жылының күресін жырлаған.

Халқымыздың ежелден келе жатқан бұл төл өнері бүгінгі ұрпақ бойында да өз жалғасын табуда. Осындай тамаша өнерді жалғастыру өз парызымыз деп түсінген кішкентай айтыскерлерімізді қошеметтеп қарсы алайық:

Айтыс;

1-ші бала:

- Халықтық мейрам тойында

- Кім айтысар менімен?

- Айтыс айтыс болады

- Айтысқанда теңіңмен!

2-ші бала:

- Айтыс айтыс болады,

- Шықса ақын теңімен

- Шешен болсаң, көрейін

- Айтысып көр менімен!

1-ші бала:

- Бес нәрседен қашық бол,

- Бес нәрсеге асық бол,

- Қоса алдың ба, мән беріп

- Қанша болды санап көр?

2-ші бала:

- Бірге төрт бес болады,

- Оны бәрі білетін

- Сен дейсіңбе, саусағын

- Санай алмай жүретін?

2.3. "Тұсау кесу" рәсімі

Педагог:

- Енді, балалардың өздері дайындаған "Тұсау кесу" рәсімін тамашалайық!

Ойынның мақсаты: балаларды "Тұсау кесу" рәсімімен таныстыру; ұлттық дәстүрімізді құрмет тұтуға тәрбиелеу.

Ойынның барысы: Тұсаукесер – сәби қаз тұрғаннан кейін тез жүріп кетсін деген тілекпен жасалатын ғұрып, ырым. Ол үшін арнайы ала жіп дайындалады. Бұл ала жіп аттамасын деген ұғымнан шыққан. Сол жіппен баланың аяғын тұсап, оны жүріс-тұрысы ширақ әйелге қидырады. Сүріншек, жайбасар адамдарға баланың тұсауын кестірмейді. Тұсауы кесілген баланы қолынан ұстап жүгіртеді, шашу шашылады. Баланың ата-анасы тұсау кесушіге кәдесін береді. Тұсау кесу

тойының негізгі жабдықтары 1,5 м ала жіп, өткір қайшы немесе пышақ. Тұсау кесу жібін дайындаудың бірнеше түрлері, жолдары, сенімдері де бар. Көбейіп, көгере берсін деп көк шөптен есіп жасайды. Бай болсын деп малдың тоқ ішегінен де өреді. Адал болсын деп ала жіптен де жасайды. Тұсау кескен адамға көйлек немесе аяқ киім сыйлайды.

2.4. "Арқан тарту" ойыны

Ойынның мақсаты: балаларды тартыс кезінде бірін-бірі тартып, жердегі орталық сызықтан бұрын сүйретіп әкету шапшаңдығына үйрету; қимыл бірлігін қалыптастырып, командалық іс-әрекетке тәрбиелеу.

Ойынның шарты: Екі топтың қай жағы орталық сызықтан қарсы команданы бұрын сүйреп өткізіп әкетсе, сол жағы ұтқан болады, жеңген жағы бәйгесін алады. Ойынды осы жоғарыдағы тәртіппен жүргізе беруге болады.

Ойынның барысы: Ойынға ұзындығы 10 метрдей жуан кендір арқан керек. Ол арқанның тең ортасынан орамалмен орап белгі жасайды, белгінің екі жағынан бір жарым-екі метрдей жерден тағы да жоғарыдағы тәртіппен белгілейді. Ойынға қатынасушылар тең екі командаға бөлінеді. Олардың саны 10-12 адам болуы мүмкін, ойыншылар бойларына қарай қатар түзеп тұрады.

Ойын басқарушының берген командасы бойынша қатар түзеп сапта тұрған ойыншылар оң жақ шетінен бастап қатар санын «бір, екі, үш»... деп сол жақ шетіне дейін санап шығады. Сөйтіп, так жағы бір бөлек, жұп жағы бір бөлек бөлініп шығады.

Күн ілгері сызып қойған үш сызықтың ортасына арқандағы үш белгінің екі шеткісін дәл келтіріп керіп тұрады да, арқанның шеткі белгісінен бастап ұшына дейін ойыншылар қос қолдап ұстап тартып тұрады. Содан соң ойын басқарушының берген командасы бойынша екі команда тартысқа түседі.

2.5. Еркін би жаттығулары

- Балалар, енді Наурыз мерекесінің жалғасын еркін биімізбен жалғастырамыз.
- Қазіргі ойналатын музыка әуенімен бірге тербеліп, билейміз.
- Алдымен қалай билейміз, көрсетейікші?!
- Балалар, би еркін болады, әркім өзі білетін қимылдарды орындайды.
- Кән, бәріміз, әуен басталмай тұрып, жаттығып алайық.
- Жарайсыңдар, балалар.
- Енді, музыка әуенімен биді бастаймыз.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог:

- Жаңғыртқан дәстүрімізді рахмет елім,
- Тербетсін шаттық әні қазақ жерін
- Той бастаған қадамың құтты болсын,
- Дәстүрлі тамыр алып, өркен жайсын!
- Қош болыңыз, Наурызым ардақты
- Халқым саған бар үмітін жалғапты!
- Жылда осылай келе берсін жарасып!
- Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!
- Наурыз береке – бірлік әкелсін!
- Сау болыңыздар!

Шоқырақтау адымы

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды шоқырақтау адыммен таныстыру; шоқырақтау адымның басқа адымнан айырмашылығын түсіндіре отырып, дұрыс жасай білуге үйрету; музыка мен қимылдың үйлесімділігін сақтай білуге дағдыландыру.

Сөздік жұмыс

"Шоқырақтау адымы", "аяқты ұшы мен өкшеге кезек қою", "музыка мен қимыл" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Ырғақты бой ширату, түсіндіру, дене қыздыру жаттығулары, көрсету, қайталау, жаттығу, жаттықтыру, пысықтау, үлгі ету, ойын, шығармашылық әрекет.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, арнайы киімдер, шоқырақтау адымы туралы суреттер мен бейнебаян көрсету, түрлі-түсті ленталар

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Әр балаға түрлі-түсті ленталар

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Ырғақты бой ширату

Педагог:

- Балалар, бәріміз менімен бірге үлкен әдемі шеңбер жасап тұрамыз.
- Балалар, алдымен ырғақты бой ширатып алайық!
- Енді менімен бірге қимылдарды қайталаймыз.
- Таң атқанда бәріміз кездесеміз (сағат тіліне қарсы шеңбер айналады),
- Кездесеміз, қуанып, жүздесеміз (шеңбердің ортасына қарай қысқа адымдайды, бір-біріне қарап, жымияды).
- Барлығымыз қуанып, шаттанамыз! (шеңберден арқамен қысқа адымдаймыз, бір-біріміне қарауды тоқтатпайды),
- Ғарышқа да бірге біз аттанамыз (сағат тілімен шеңбер айналады).
- Кездесуге әрдайым қуанамыз (шеңбердің ортасына қарай қысқа адымдайды, бір-біріне қарап, жымияды),
- Әсем әуен лебіне уанамыз! (шеңберден арқамен қысқа адымдайды, бір-бірімізге қарауды тоқтатпаймыз).
- Барлығымыз қуанып, шаттанамыз! (шеңбердің ортасына қарай қысқа адымдайды, бір-біріне қарап, жымияды),
- Ғарышты да айналып, аттанамыз (сағат тілімен шеңбер айналады).
- Енді, балалар, осы қимылдарды музыка әуенімен жасаймыз.
- Жарайсындар, балалар!

1.2. Педагог:

- Балалар, бүгін біз шоқырақтау адымын жасауды үйреніп, музыка әуенімен жүреміз.
- Шоқырақтау адымы – аяқтың табанын еденге түсіргеннен соң аяқтың ұшымен тұру.
- Балалар, бәріңіз шеңбер жасап, мені айнала тұра қойындар.
- Мен ортада тұрып, шоқырақтау адымын қалай жасауды көрсетіп тұрамын.
- Балалар, бастапқы қалып денемізді тік ұстап, басымызды жоғары көтереміз, қол мен аяқ қалай тұруы керек?
- Табанның жерге толық тиіп тұрғанын қадағалаймыз, енді сол аяқ тізесі түзу, оң аяқ тізесін сәл бүгеміз, табанды толық жерге тигізіп, аяқтың ұшымен тұрамыз, қимылды тағы да қайталаймыз.
- Балалар, мына суреттегі аттың аяқтарына қараңдаршы, біз де солай бір тіземізді сәл бүгіп, аяқ

ұшымен тұруымыз керек.

- Балалар, өздерің әдемі, денелерің сымбатты болғанын қалайсыңдар ма? Олай болса, музыка әуенімен атты бейнелеу барысында аяқтарымызбен жеңіл, шоқырақтау адымын жасап жүреміз.

1.3. Педагог балалардың қимылды жасау дағдыларын пысықтау мақсатында:

- Балалар, шеңбер бойымен отырып, шоқырақтау адымын жасағанда қол мен аяқ үйлесімділігін дұрыс сақтауымыз қажет.

- Балалар, мына суретке қараңдаршы, ат ғарышта әдемі ұшып бара жатыр.

- Балалар, біз осы ат сияқты қолымызды алдымызға қойып, ғарышта ұшып жүргендей жеңіл, шоқырақтау қимылын жасап үйренуіміз керек!

- Кәне, бәріміз әуенсіз орнымызда тұрып, қолымызбен және аяғымызбен қимылдар жасап көрейікші!?

- Балалар, бастапқы қалыпты ұстаймыз: денеміз түзу, басымыз тік, аяғымыз бір-бірінен сәл алшақ, қатар тұрады.

- Алдымен екі қолымызды сәл бүгіп, алға қарай айналдырамыз, тамаша, енді, табанды жерге толық тигізіп, аяғымызбен бірге қимылдарды бірге жасаймыз.

- Балалар, жаңағы қимылдарды қайталаймыз, келістік пе? Орнымызда тұрып, менің санауым бойынша жасаймыз. Бастаймыз, 1, 2, 3, 4.

- Енді, балалар, музыка әуенімен орнымызда тұрып шоқырақтау қимылдарын жасаймыз!

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Педагог балалардың назарын өзіне аударып:

- Балалар, енді шеңбер айналып тұрамыз.

- Балалар, егер, сендер қандай адым түрін үйреніп едіңдер?

- Дұрыс айтасыңдар, шоқырақтау адымын жасап үйренгенсіңдер. Енді, балалар, сол шоқырақтау адымын тезірек ойналатын әуенмен жүруге жаттығамыз.

- Балалар, бастапқы қалыпты ұстаймыз: денеміз түзу, басымыз тік, аяғымыз бір-бірінен сәл алшақ, қатар тұрады.

- Адымдау үшін алдымен табанның жерге толық тиіп тұрғанын қадағалаймыз, енді сол аяқ тізесі түзу, оң аяқ тізесін сәл бүгеміз, табанды толық жерге тигізіп, аяқтың ұшымен тұрамыз, қимылды тағы да қайталаймыз.

Осылай кезек кезек $2\frac{1}{4}$ өлшемде адым жаттығуларын жасаймыз. Тағы да қайталаймыз.

- Кәне, бәріміз орнымызда тұрып, адымдауды қайталайықшы! Жарайсыңдар, балалар.

- Енді музыка әуенімен адымдаймыз

- Тамаша, балалар.

2.2. Түрлі-түсті ленталармен музыкалық-ырғақтық қимылдар

Педагог:

- Балалар, ленталар қалай желбірейді, қолымыздағы ленталармен көрсетейікші?!

- Әуен басталмас бұрын ленталармен жасалатын ырғақтық қимылдарды қайталап алайық.

- Әуеннің алғашқы музыкалық такт кезінде лентаны екі қолымызбен жоғары ұстап, алдымен солға, содан кейін оңға кезек-кезек иіп, алты рет қимыл жасаймыз.

- Келесі қимыл ленталарды екі қолымызбен жоғары ұстап, өзімізді айналдыра үш рет қимыл жасаймыз.

- Енді, келесі қимыл алдымызға ұстап, үш рет солға, үш рет оңға жүріп айналамыз.

- Келесі қимыл ленталарды жоғары қаратып, ырғақпен төмен түсіреміз, көкірек тұсымызға алып келеміз, қайтадан ырғақпен төмен түсіреміз, көкірек тұсымызға үш рет, жоғарыға үш реттен алты рет қайталанады.

- Әуеннің соңғы тактінде ленталарды қолдарымызға ұстап, шеңбер жасап жүреміз.

- Балалар, жаңағы қимылдарды әуен басталмай тұрып, тағы да қайталап аламыз. Қимылдарды іштей санау арқылы орындаймыз.
- Енді, балалар, музыка әуенімен орындаймыз.

2.3. "Шар ұшты" ойыны

Ойынның мақсаты: балаларды шеңбер жасап тұруға үйрету.

Ойынның көрнекілігі: ұнтаспа

Ойынның шарты: балалар шеңбер жасап шардың үлкендігін, пішінін көрсетеді. «Шар үрлейміз!» - деген сөзге балалар ортаға жиналып, аузымен үрлей отырып, шеңбер құрастырады. «Шар ұшты!» - дегенде музыка ырғағымен шеңбер жасап айналады. Дабыл соғылғанда балалар шардың жарылғанын білдіріп, қолдарын босатып жібереді. Осы шартты орындай алмаған бала ән немесе тақпақ айтып, би билеп айыбын төлейді.

2.4. Еркін би жаттығулары

- Балалар, денемізді бос ұстап, шеңбер жасап тұрамыз.
- Қазіргі ойналатын музыка әуенімен бірге тербеліп, билейміз.
- Алдымен қалай билейміз, көрсетейікші?!
- Балалар, би еркін болады, әркім өзі білетін қимылдарды орындайды.
- Кән, бәріміз, әуен басталмай тұрып, жаттығып алайық.
- Жарайсыңдар, балалар.
- Енді, музыка әуенімен биді бастаймыз.

2.5. Тыныс алу жаттығулары

- Балалар, денемізді бос ұстап, ақырын шеңбер жасап жүреміз.
- Қазіргі ойналатын музыка әуенімен бірге тербелеміз.
- Балалар, ғарышта бұлттар қалай қозғалады, қолымызбен көрсетейікші?!
- Бұлттар ақырын қозғалады екен. Тағы да шеңбер айналып жүріп, бұлттардың қалай қозғалатынын көрсетеміз.
- Жарайсыңдар, енді музыка әуенімен жаттығуларды қайталайық.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог балалардың назарын өзіне аударып:

- Балалар, қандай адым түрін жасап, үйрендік? Шоқырақтау адымын.
- Балалар, шоқырақтау адымы қалай жасалады екен?
- Адымдау үшін алдымен табанның жерге толық тиіп тұрғанын қадағалаймыз, енді сол аяқ тізесі түзу, оң аяқ тізесін сәл бүгеміз, табанды толық жерге тигізіп, аяқтың ұшымен тұрамыз, қимылды тағы да қайталаймыз.
- Үйде айнаға қарап, өз адымдарыңа қарап, қателеріңді түзете білуге дағдыланыңдар, жақсы ма?
- Сау болыңдар, қимылдарды ұмытып қалмас үшін үйде қайталаймыз.

Табиғат ғажайыптары

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды әңгімедегі кейіпкердің қимылдарын өздігінен шығармашылықпен жасай білуге үйрету; басталған қимылдың жалғасын өз шығармашылығымен аяқтауға жаттықтыру; өз қабілеті мен шығармашылығына ризашылық сезімін арттыру.

Сөздік жұмыс

"Кейіпкер", "қабілет", "шығармашылық", "қимыл", "музыка" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Релаксация, түсіндіру, ой қозғау, көрсету, қайталау, жаттығу, жаттықтыру, пысықтау, үлгі ету, ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, арнайы киімдер, кейіпкерлер туралы суреттер көрсету, анның, құстың, қоянның бет пердесі, кішкентай орамалдар

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Әр балаға кішкентай орамалдар

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Релаксация "Табиғат"

- Балалар, бүгін бәрің әдемі болып кетіпсіңдер ғой!
- Балалар, кәне, бәріміз шеңбер жасап, кілемге жайғасайық!
- Енді менімен бірге табиғат қимылдарын қайталаймыз.
- Балалар, көктемгі ағаштар табиғат түріне жата ма?
- Ендеше музыка әуенімен бірге сөздерін тыңдай отырып, табиғат құбылыстары қимылдарын қайталаймыз.
- Ағаштар қалай алға-артқа тербеледі екен, көрсетейікші?
- Қолымызды алдымызға созып, қолды сыртқа айналдырып, алға сермеу қимылдарын жасаймыз.
- Қалай тербелеміз?
- Кеудемізді жоғары көтеріп, иығымызды оң және солға ырғақты қимылдатып, жаттығулар жасаймыз.
- Басымызды оңға және солға ырғақты қимылдатамыз.
- Жарайсыңдар, балалар!

1.2. Ой қозғау

"Бақша ағаштары" әңгімесі желісінде

Педагог:

- Балалар, қазір мен сендерге бір әңгіме оқып беремін, сол әңгіме бойынша маған қандай қимылдар көрсету керектігін ойланып отырыңдар.
- Жаздың әдемі бір күнінде, таңертең бір төре өзінің баласымен бақшаға барып, екеуі де егілген ағаштары мен гүл жапырақтарын көріп жүрді.
- Мынау ағаш неліктен тіп-тікәна біреуі неге қисық біткен? - деп сұрады баласы.
- Оның себебі, балам, анау ағашты бағу-қағумен өсірген, қисық бұтақтары болса өсіп. Мынау ағаш бағусыз, өз шығу қалыбымен өскен,- деді атасы.
- Олай болса, бағу-қағуда көп мағына бар екен ғой,- деді баласы.
- Бағу-қағуда көп мағына барында шек жоқ, шырағым; мұнан сен де өзіңе әбірет алсаң болады; сен жас ағашсың саған да күтім керек; мен сенің қате істеріңді түзеп, пайдалы іске үйретсем, сен менің айтқанымды ұғып, орнына келтірсең, жақсы түзік кісі болып өсерсің, бағусыз бетіңмен кетсең, сен де мынау қисық біткен ағаштайқисық өсерсің,- деді.

1.3. Педагог балалардың өзіне аударады:

- Балалар, бүгін біз шығармашылықпен айналысамыз.
- Жаңағы әңгімені тыңдай отырып, соған байланысты қимылдар жасауды ойланып отырыңдар деп

айттым.

- Кәне, кім маған түзу және қисық ағаштардың тұру қалпын көрсете алады?
- Балалар, бастапқы қалыпты ұстаймыз: денеміз түзу, басымыз тік, аяғымыз бір-бірінен сәл алшақ, қатар тұрады, қолымызды төмен ұстаймыз, түзу ағашты көрсетіндерші, маған?
- Денемізді тік ұстап, түзу ағаш сияқты тұрамыз. Жарайсыңдар.
- Енді қисық ағаштарды қалай көрсетеміз?
- Бастапқы қалыпты ұстаймыз: денеміз түзу, басымыз тік, аяғымыз бір-бірінен сәл алшақ, қатар тұрады, қолымызды төмен ұстаймыз, қисық ағаш боламыз.
- Қолымызды төмен ұстаған күйімізде екі жағымызға кезек кезек қисайып, қисық ағаш боламыз, тағы да қайталаймыз. Жарайсыңдар.
- Бұл қимылды жасағанда әуендегі сөздерді тыңдаймыз.
- Кәне, балалар, музыка әуенінсіз өзіміз тағы да қайталайықшы?!
- Енді, балалар, музыка әуенімен қимыл жасаймыз
- Жарайсыңдар, балалар!

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Педагог:

- Балалар, тақтадан ненің суретін көріп тұрсыңдар?
- Енді, балалар, бәріміз балапан болайықшы?!
- Балапан қанатын қомдап, тік тұрады (қолдарын қанат сияқты сермеу),
- Балапан жерге еңкейе түсті (жайымен басын төмен салып, қолдарымен екі жаққа созу).
- Балапан жүріп келеді (орындарында табанын жерге толық төсеп, жүру),
- Балапан басын жоғары көтерді (басын көтеріп, қанаттарын қомдау),
- Балапан тоқтады (қолды бір-біріне қосу).
- Тағы да қайталаймыз.
- Енді, балапанға арналған қимылдарды музыка әуені бойынша жасап көрейікші?!

2.2. Орамалмен музыкалық-ырғақтық қимылдар

Педагог:

- Балалар, сол тұрған жерлерінде әуенмен музыкалық-ырғақтық қимылдар жасаймыз.
- Әуен басталмас бұрын жасалатын ырғақтық қимылдарды қайталап алайық.
- Әуеннің алғашқы музыкалық такт кезінде орамалды оң қолымызбен жоғары ұстап, айналдырамыз.
- Келесі қимыл орамалды сол қолымызбен жоғары ұстап, айналдырамыз.
- Енді, келесі қимыл орамалмен бетімізді жауып, үш рет солға, үш рет оңға жылжытамыз.
- Келесі қимыл орамалымызды екі қолымызбен жоғары көтеріп, ырғақпен жанымызға созамыз, көкірек тұсымызға алып келеміз, қимыл жанымызға үш рет, алдымызға үш реттен алты рет қайталанады.
- Әуеннің соңғы тактінде орамалды оң қолымызбен ұстап, сол қолымызбен төмен қарай толқын жасаймыз, енді осы қимылды келесі жаққа жасаймыз.
- Балалар, жаңағы қимылдарды әуен басталмай тұрып, тағы да қайталап аламыз. Қимылдарды іштей санау арқылы орындаймыз.
- Енді, балалар, "Табиғат" музыка әуенімен орындаймыз.
- Жарайсыңдар, балалар!

2.3. "Бізге келген қонақтар" ойыны

Ойынның мақсаты: кейіпкердің мінезін сай, қимылды ажырата білуге үйрету.

Ойынның көрнекілігі: аңның, құстың, қоянның бет пердесі.

Ойынның шарты: алдын-ала бір бала қимылдың артына барып, аңның немесе құстың бет пердесін киелі. Ал 3-4 бала келген қонақтың мінезіне сай, қимылдарын көрсетеді. Аю келсе, екі

айттым.

- Кәне, кім маған түзу және қисық ағаштардың тұру қалпын көрсете алады?
- Балалар, бастапқы қалыпты ұстаймыз: денеміз түзу, басымыз тік, аяғымыз бір-бірінен сәл алшақ, қатар тұрады, қолымызды төмен ұстаймыз, түзу ағашты көрсетіндерші, маған?
- Денемізді тік ұстап, түзу ағаш сияқты тұрамыз. Жарайсыңдар.
- Енді қисық ағаштарды қалай көрсетеміз?
- Бастапқы қалыпты ұстаймыз: денеміз түзу, басымыз тік, аяғымыз бір-бірінен сәл алшақ, қатар тұрады, қолымызды төмен ұстаймыз, қисық ағаш боламыз.
- Қолымызды төмен ұстаған күйімізде, екі жағымызға кезек кезек қисайып, қисық ағаш боламыз, тағы да қайталаймыз. Жарайсыңдар.
- Бұл қимылды жасағанда әуендегі сөздерді тыңдаймыз.
- Кәне, балалар, музыка әуенінсіз өзіміз тағы да қайталайықшы?!
- Енді, балалар, музыка әуенімен қимыл жасаймыз
- Жарайсыңдар, балалар!

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Педагог:

- Балалар, тактадан ненің суретін көріп тұрсыңдар?
- Енді, балалар, бәріміз балапан болайықшы?!
- Балапан қанатын қомдап, тік тұрады (қолдарын қанат сияқты сермеу),
- Балапан жерге еңкейе түсті (жайымен басын төмен салып, қолдарымен екі жаққа созу).
- Балапан жүріп келеді (орындарында табанын жерге толық төсеп, жүру),
- Балапан басын жоғары көтерді (басын көтеріп, қанаттарын қомдау),
- Балапан тоқтады (қолды бір-біріне қосу).
- Тағы да қайталаймыз.
- Енді, балапанға арналған қимылдарды музыка әуені бойынша жасап көрейікші?!

2.2. Орамалмен музыкалық-ырғақтық қимылдар

Педагог:

- Балалар, сол тұрған жерлерінде әуенмен музыкалық-ырғақтық қимылдар жасаймыз.
- Әуен басталмас бұрын жасалатын ырғақтық қимылдарды қайталап алайық.
- Әуеннің алғашқы музыкалық такт кезінде орамалды оң қолымызбен жоғары ұстап, айналдырамыз.
- Келесі қимыл орамалды сол қолымызбен жоғары ұстап, айналдырамыз.
- Енді, келесі қимыл орамалмен бетімізді жауып, үш рет солға, үш рет оңға жылжытамыз.
- Келесі қимыл орамалымызды екі қолымызбен жоғары көтеріп, ырғақпен жанымызға созамыз, көкірек тұсымызға алып келеміз, қимыл жанымызға үш рет, алдымызға үш реттен алты рет қайталанады.
- Әуеннің соңғы тактінде орамалды оң қолымызбен ұстап, сол қолымызбен төмен қарай толқын жасаймыз, енді осы қимылды келесі жаққа жасаймыз.
- Балалар, жаңағы қимылдарды әуен басталмай тұрып, тағы да қайталап аламыз. Қимылдарды іштей санау арқылы орындаймыз.
- Енді, балалар, "Табиғат" музыка әуенімен орындаймыз.
- Жарайсыңдар, балалар!

2.3. "Бізге келген қонақтар" ойыны

Ойынның мақсаты: кейіпкердің мінезіне сай, қимылды ажырата білуге үйрету.

Ойынның көрнекілігі: аңның, құстың, қоянның бет пердесі.

Ойынның шарты: алдын-ала бір бала шымылдыңтың артына барып, аңның немесе құстың бет пердесін киеді. Ал 3-4 бала келген қонақтың мінезіне сай, қимылдарын көрсетеді. Аю келсе, екі жағына теңселіп, қорбандап жүреді. Қоян келсе, екі қолын алдына ұстап, секіреді, торғай келсе, әр жерден бір секіріп, қимылдар жасайды.

2.4. Шығармашылық жаттығулар

- Балалар, денемізді бос ұстап, ақырын шеңбер жасап жүреміз.
- Балалар, қазіргі музыка әуенімен шегіртке сияқты қос аяқпен секіреміз
- Енді балалар, музыка әуенімен гүлдер боламыз
- Енді бұғы боламыз
- Музыка әуенімен самал жел боламыз
- Енді шеңбер жасай жүріп, толқын қимылдарын жасаймыз
- Балалар, енді өз қалауымызбен би қимылдарын жасаймыз.
- Жарайсыңдар, балалар.

2.5. Тыныс алу жаттығулары

- Балалар, біз техниканы жақсы көреміз бе?
- Олай болса, бәріміз тыныс алу жаттығулары кезінде табиғат болайық
- Балалар, денемізді бос ұстап, ақырын шеңбер жасап жүреміз.
- Қазіргі ойналатын музыка әуенімен бірге тербелеміз.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог:

- Балалар, қандай қимыл түрін жасап, үйрендік? Ерікті қимылдар жасауды үйрендік.
- Шағын әңгімеге байланысты қандай қимылдар жасадық?
- Екі ағаштың қимылдарын жасауды үйрендік.
- Табиғат құбылыстарының қимылдарын жасауды үйрендік.
- Жақсы, балалар, қимылдарды ұмытып қалмас үшін, үйде сөзімен бірге қайталаймыз, сау болыңдар.

Әскери адым

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды әскери адым түрімен таныстыру; адымдау кезінде қол мен аяқ үйлесімділігін сақтай білуге үйрету; музыка мен қимылдың әуенге сай болуын естен шығармауын қадағалау.

Сөздік жұмыс

"Әскери адым", "тізе түзу", "аяқ жоғары", "музыка мен қимыл" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Тілек шеңбері, түсіндіру, дене қыздыру жаттығулары, көрсету, қайталау, жаттығу, жаттықтыру, пысықтау, үлгі ету, ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, арнайы киімдер, әскери адым туралы суреттер мен бейнебаян көрсету, аңдардың бет пердесі, кішкентай жалаушалар

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Әр балаға кішкентай жалаушалар

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Тілек шеңбері

Педагог:

- Балалар, бәріміз менімен бірге үлкен әдемі шеңбер жасап тұрамыз.
- Балалар, бейбітшілік - біздің қорғанымыз! Мәңгілік бейбітшілік болсын деп, тілек айтайық!
- Енді менімен бірге қимылдарды қайталаймыз.
- Бейбіт біздің күніміз (қолдарын жоғары көтереді),
- Жарасады үніміз (қол білезіктерін айналдырады)
- Би билейтін, ән салып (алақандарын жанына жіберіп жаяды),
- Біз өмірдің гүліміз! (орындарында тұрып, айналады)
- Елімізден арайлы (қолдарын жоғары көтереді),
- Таң шапағы тарайды (қолдарымен ирек жасайды).
- Бейбіт күнді ағалар (қолдармен күн бейнесін көрсетеді),
- Қырағы сақтап, қарайды! (иіліп, тәжім етеді)
- Жарайсыңдар, балалар!

1.2. Педагог балалардың назарын өзіне аударып:

- Балалар, шеңбер бойымен біріміздің артымыздан біріміз музыка әуенімен жүреміз.
- Мен ортада тұрып, қимылдарды қайталап, көрсетіп тұрамын.
- Балалар, шеңбер бойымен жүргенде денемізді тік ұстап, басымызды жоғары көтеріп жүреміз, қол мен аяқ үйлесімділігін қатаң сақтаймыз, келістік пе?
- Балалар, өздерің әдемі, денелерің сымбатты болғанын қалайсыңдар ма? Олай болса, музыка әуенімен жүреміз.

1.3. Педагог:

- Балалар, шеңбер бойымен адымдап жүргенде қол мен аяқ үйлесімділігін дұрыс сақтамадыңдар.
- Балалар, мына суретке қараңдаршы, сендер сияқты балалар, денелерін түзу, бастарын тік ұстап, тізелерін бүкпей, аяқтарын жоғары көтеріп, адымдап бара жатыр.
- Ал, мына суретке қарасандар, балалар, әскерлер сияқты сапта адымдап бара жатыр.
- Балалар, біз осы балалардан да жақсы адымдап үйренуіміз керек!
- Кәне, бәріміз әуенсіз адымдауды орнымызда тұрып қайталайықшы!?
- Балалар, бастапқы қалыпты ұстаймыз: денеміз түзу, басымыз тік, аяғымыз бір-бірінен сәл алшақ, қатар тұрады.
- Адымдау үшін алдымен сол аяқты көтеріміз, сол қолымызды артқа түзу ұстаймыз, оң аяғымыз орнында, оң қолымызды бүгіп, көкірек тұсымызға әкелеміз.
- Енді, оң аяқты көтеріміз, оң қолымызды артқа түзу ұстаймыз, сол аяғымыз орнында, сол

қолымызды бүгіп, көкірек тұсымызға әкелеміз. Осылай кезек-кезек үштік өлшемде адым жаттығуларын жасаймыз. Тағы да қайталаймыз.

- Балалар, бәрің бірге денемізді тік ұстап, басымызды жоғары көтереміз, қол мен аяқ үйлесімділігін қатаң сақтаймыз, келістік пе? Орнымызда тұрып, менің санауым бойынша адымдаймыз. Бастаймыз, 1, 2, 3.

- Енді, балалар, музыка әуенімен орнымызда тұрып адымдайықшы?!

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Педагог балалардың назарын тағы да тақтаға аударады:

- Балалар, тағы да тақтаға қараймыз, өздерің сияқты басқа балабақша балаларының әскери және салтанатты адымдарын көрейікші?!

- Балалар, егер, сендер адымдауды үйреніп алсаңдар, бейнебаяндағы балалардан да жақсы адымдайтын боласыңдар, солай ма?

- Балалар, бәрің бір-біріңе кедергі жасамайтындай арақашықтықты сақтаймыз.

- Балалар, бастапқы қалыпты ұстаймыз: денеміз түзу, басымыз тік, аяғымыз бір-бірінен сәл алшақ, қатар тұрады.

- Адымдау үшін алдымен сол аяқты көтереміз, сол қолымызды артқа түзу ұстаймыз, оң аяғымыз орнында, оң қолымызды бүгіп, көкірек тұсымызға әкелеміз.

- Енді, оң аяқты көтереміз, оң қолымызды артқа түзу ұстаймыз, сол аяғымыз орнында, сол қолымызды бүгіп, көкірек тұсымызға әкелеміз. Осылай кезек-кезек үштік өлшемде адым жаттығуларын жасаймыз. Тағы да қайталаймыз.

- Кәне, бәріміз орнымызда тұрып, әуенсіз адымдауды қайталайықшы!? Жарайсыңдар, балалар.

- Енді музыка әуенімен адымдаймыз

- Тамаша, балалар.

2.2. Жалаушалармен музыкалық-ырғақтық қимылдар

Педагог балалардың назарын аударып:

- Балалар, жалаушалармен музыкалық-ырғақтық қимылдар жасаймыз.

- Әуен басталмас бұрын жасалатын ырғақтық қимылдарды қайталап алайық.

- Әуеннің алғашқы музыкалық такт кезінде жалаушаны екі қолымызбен жоғары ұстап, өзімізді айналдыра үш рет қимыл жасаймыз.

- Келесі қимыл жалаушаны екі қолымызбен жоғары ұстап, алдымен солға, содан кейін оңға кезек-кезек иіп, алты рет қимыл жасаймыз.

- Енді, келесі қимыл жалаушаны алдымызға қойып, үш рет солға, үш рет оңға жүріп айналамыз.

- Келесі қимыл жалаушаны жоғары көтеріп, ырғақпен жанымызға созамыз, саусақтарымызды бос ұстаймыз, алақанымызды төмен қаратып, көкірек тұсымызға алып келеміз, қимыл жанымызға үш рет, алдымызға үш реттен алты рет қайталанады.

- Әуеннің соңғы тактінде жалаушаларды оң қолымызға ұстап, сол қолымызды белімізге қойып, салтанатты адыммен шеңбер жасап жүреміз.

- Балалар, жаңағы қимылдарды әуен басталмай тұрып, тағы да қайталап аламыз. Қимылдарды іштей санау арқылы орындаймыз.

- Енді, балалар, музыка әуенімен орындаймыз. "Әрқашан күн сөнбесін!" әніне билейміз.

2.3. "Қақпан" ойыны

Ойынның мақсаты: балаларды байқампаздылыққа, ептілікке баулу.

Ойынның көрнекілігі: 3-4 аңдардың бет пердесі.

Ойынның шарты: балалар шеңбермен қол ұстаса «Қақпан» болып, музыка әуенімен жүреді. Ал аңдар осы шеңбер бойымен ішіне кіріп, сыртына шығып еркін билеп жүреді. Музыка аяқталғанда шеңбер жасап тұрған балалар отыра қалады. Шеңбер ішінде қалған бала айыбын би билеп өтеуі тиіс.

2.4. Қайталау жаттығулары

- Балалар, денемізді бос ұстап, ақырын шеңбер жасап жүреміз.

- Балалар, біз бүгін адым жаттығуларын жасап үйрендік, солай ма?
- Енді, балалар, сол адымды әскери адымға айналдырып, музыка әуенімен тағы да қайталаймыз.
- Ол үшін алдымен сол тұрған орнымызда бетімізді маған қаратамыз.
- Балалар, әскери адымда денемізді түзу, еркін ұстап, тіземізді жоғары көтере жүріп, адымдаймыз.
- Адымдау үшін алдымен сол аяқты көтереміз, тізені түзу, жоғары ұстаймыз, сол қолымызды артқа түзу ұстаймыз, оң аяғымыз орнында, оң қолымызды бүгіп, көкірек тұсымызға әкелеміз.
- Енді, оң аяқты көтереміз, тізені түзу, жоғары ұстаймыз, сол қолымызды артқа түзу ұстаймыз, сол аяғымыз орнында, сол қолымызды бүгіп, көкірек тұсымызға әкелеміз. Осылай кезек-кезек үштік өлшемде адым жаттығуларын жасаймыз. Тағы да қайталаймыз.
- Кәне, орнымызда тұрып, қайталаймыз, қол мен аяқ үйлесімділігін сақтаймыз. Енді шеңбер жасай жүріп, музыкасыз қайталаймыз.
- Балалар, салтанатты адымды музыка әуенімен жасауға дайынсыңдар ма? Ендеше, бастаймыз.

2.5. Тыныс алу жаттығулары

- Балалар, денемізді бос ұстап, ақырын шеңбер жасап жүреміз.
- Қазіргі ойналатын музыка әуенімен бірге тербелеміз.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог балалардың назарын өзіне аударып:

- Балалар, қандай адым түрін жасап, үйрендік? Әскери адым.
- Балалар, бұл адымды жасағанда қол мен аяқ үйлесімділігін қатаң қадағалау қажет, әйтпесе, дұрыс адымдай алмай қаласыңдар.
- Үйде айнаға қарап, өз адымдарыңа қарап, қателеріңді түзете білуге дағдыланыңдар, жақсы ма?
- Балалар, біз бүгін әскери адымды не үшін үйрендік?
- Біздің Отан қорғаушыларымыз бен Ұлы Жеңіс күнінің құрметіне арнадық.
- Жақсы, балалар, қимылдарды ұмытып қалмас үшін, үйде қайталаймыз, сау болыңдар.

"Маусымжан" ойын-сауық отауы

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды "Маусымжан" ойын-сауық отауына арналған қимылдарды жасай білуге үйрету; қыз балаларды бірінің артынан бірі кезек адымын жасай жүріп, аяқтарын ырғақты қозғау дағдысына жаттықтыру; "Маусымжан" ойын-сауық отауына қызығушылықтарын арттыру.

Сөздік жұмыс

"Маусымжан", "сәукеле", "бүрме көйлек", "камзол", "етік" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Релаксация, түсіндіру, ой қозғау, көрсету, қайталау, жаттығу, жаттықтыру, пысықтау, үлгі ету, ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, арнайы ұлттық киімдер, "Маусымжан" ойын-сауық отауы туралы суреттер мен бейнебаян көрсету, кішкентай орамалдар, қыз балаларға қағаздан жасалған ілме сырғалар

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Әр балаға кішкентай орамалдар, қыз балаларға қағаздан жасалған ілме сырғалар

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Релаксация "Ырғақ"

- Балалар, бүгін бәрің әдемі болып кетіпсіңдер ғой!
- Балалар, кәне, бәріміз шеңбер жасап, кілемге жайғасайық!
- Енді менімен бірге қимылдарды қайталаймыз.
- Музыка әуенімен бірге сөздерін тыңдай отырып, қимылды қайталаймыз.
- Алға-артқа тербеледі екенбіз, көрсетейікші?
- Қолымызды алдымызға созып, қолды сыртқа айналдырып, алға сермеу қимылдарын жасаймыз.
- Қалай тербелеміз?
- Кеудемізді жоғары көтеріп, иығымызды оң және солға ырғақты қимылдатып, жаттығулар жасаймыз.
- Басымызды оңға және солға ырғақты қимылдатамыз.
- Жарайсыңдар, балалар!

1.2. "Маусымжан" әнінің сөзін қайталау

- Балалар, бүгін біз көктемгі егістікке арналған "Маусымжан" ойын-сауық отауын құрамыз, сондықтан әннің сөздерімен танысып алуымыз керек.
- Балалар, денемізді бос ұстап, орындыққа жайғасып отырамыз. Сөздерін тыңдаймыз.
- Біреу күлсе жалғанда Маусым күлсін,
- Күн нұрындай күлімдеп Маусым жүрсін.

Қайырмасы:

- Маусымжан, Маусымжан,
- Танимын, қалқам, даусыңнан.
- Еркетайы ауылымның - маусым алтын,
- Тең құрбысы сағынып айтып жүрсін.

Қайырмасы:

- Ауылың, қалқаш, алыстан бұлдырайды,
- Қоныраудай дауысың сылдырайды.

Қайырмасы:

- Сен есіме түскенде, ей, қарағым,
- Іші-бауырым жібектей ылбырайды.
- Балалар, енді әннің әуенін тыңдаймыз.
- Жарайсыңдар, балалар, сөзін үйден жаттап алғандарың байқалып тұр.

1.3. Ой қозғау

Педагог балалардың назарын тақтаға аударады:

- Балалар, бүгін "Маусымжан" ойын-сауық отауының қимылдарын жасауды үйренеміз.
- Балалар, мына суретке қараңдаршы, қыз "Маусымжан" биін билеп жатыр.
- Балалар, бүгін "Маусымжан" ойын-сауық отауы арналған қимылдарын жасауды үйренеміз.
- Кәне, бәріміз орнымыздан тұрып, шеңбер бойымен біріміздің артымыздан біріміз тұрамыз.
- Балалар, "Маусымжан" кімнің аты? Қыздың аты екен.
- Бұл "Маусымжан" есімі араб тілінен алынған - маусым - уақыт, шақ, мейрам, мереке деген мағынаны білдіреді.
- Кәне, балалар, музыка әуенінсіз өзіміз тағы да "Маусымжан" ойын-сауық отауы арналған қимылдарды қайталайықшы?!
- Енді, балалар, музыка әуенімен қимылдар жасап жүреміз

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Педагог балалардың назарын өзіне аударып:

- Балалар, ұл балалар мен қыз балалар екі топқа бөлінеміз.
- Ұл балалар, орындықтарға отырып, шапалақтап отырасыңдар, қыз балалар қолға арналған жаттығуларды жасап, кезек адымымен билеп шығатын боласыңдар, келістік пе?
- Балалар, бәрің өз орындарыңда тұрасыңдар, бір-біріңе кедергі жасамайтындай арақашықтықты сақтаймыз.
- Естеріңе тағы да салайын, кезек адымын жасау үшін алдымен сол аяқты алға қойып, оң аяқтың ұшын артқа тірейміз, енді оң аяқты алға қойып, сол аяқтың ұшын артқа тірейміз, осы қимылды алға жылжу арқылы кезек-кезек қайталап отырамыз.
- Енді, қыз балалар, "сырға" қимылын жасаймыз, оңға қарай қолымызды ашамыз, енді, солға қарай қолымызды ашамыз. Осылай кезек-кезек төрттік өлшемде сырғамызды

көрсетіп, қимылдар жасаймыз. Тағы да қайталаймыз.

- Балалар, тақтадағы сырғаға қараңдаршы, біздің ұлттық сырғаларымыз қандай әдемі!
- Келесі қимыл, "білезік" деп аталады, бәріміз орнымызда тұрып, сол қолымызды алдымызға қоямыз, оң қолымызды жоғары қойып, білезігімізді

айналдырамыз, төрттік өлшемде қимылдарды жасаймыз. Жарайсыңдар, балалар.

- Тақтадағы білезікті көрдіңдер ме, көз алдарыңа елестетеміз, қолымызда сондай білезік бар!
- Келесі қимылымыз "толқын" деп аталады, ол үшін алақанды жоғары қаратамыз, қолымызды жұмып, ақырындап ашамыз. Енді осы қимылды алақанды төмен қаратып жасаймыз. Осы қимылдарды қозғалысқа қосайық, сол қол жоғары, оң қол қасында сәл төменірек, толқынды

жасай отырып, оң қолымызбен төмен қарай түсіреміз, қимыл сегіздік өлшемде жасалады, сол жаққа төрт рет, оң жаққа төрт рет жасаймыз.

- Балалар, тақтаға қарайықшы, толқындар қалай ирек жасайды екен?
- Енді музыка әуенімен бәріміз бірге қимылдарды жасаймыз
- Тамаша, балалар, тағы да музыка әуенімен қайталаймыз.

2.2. Орамалмен музыкалық-ырғақтық қимылдар

Педагог:

- Балалар, сол тұрған жерлерінде әуенмен музыкалық-ырғақтық қимылдар жасаймыз.
- Әуен басталмас бұрын жасалатын ырғақтық қимылдарды қайталап алайық.
- Әуеннің алғашқы музыкалық такт кезінде орамалды оң қолымызбен жоғары ұстап, айналдырамыз.
- Келесі қимыл орамалды сол қолымызбен жоғары ұстап, айналдырамыз.
- Енді, келесі қимыл орамалмен бетімізді жауып, үш рет солға, үш рет оңға жылжытамыз.
- Келесі қимыл орамалымызды екі қолымызбен жоғары көтеріп, ырғақпен жанымызға созамыз,

көкірек тұсымызға алып келеміз, қимыл жанымызға үш рет, алдымызға үш реттен алты рет қайталанады.

- Әуеннің соңғы тактінде орамалды оң қолымызбен ұстап, сол қолымызбен төмен қарай толқын жасаймыз, енді осы қимылды келесі жаққа жасаймыз.

- Балалар, жаңағы қимылдарды әуен басталмай тұрып, тағы да қайталап аламыз. Қимылдарды іштей санау арқылы орындаймыз.

- Енді, балалар, "Маусымжан" музыка әуенімен орындаймыз.

- Жарайсыңдар, балалар!

2.3. «Маусымжан» ойыны

Ойынның шарты: балалар дөңгелене шеңбер жасап отырады. "Маусымжан" әуені ойнаған кезде, балалар ән ырғағына ілесіп, қол соғып, өлең айтады. Алақандарын басқалардан бөлек, жаңылыс соққандар, не басқадай бір қылығымен ойын тәртібін бұзғандар «кінәлі бала» болып табылады. Оларды ортаға жеке шығарып, кінәсін ақтау үшін "Маусымжан" өлеңін айтқызып, билетеді.

- Кел, балалар, шапалақтап,

- Алақанды ұрайық.

- Жаңылғанды ортаға ап,

- Бір өнерін сұрайық.

Қ – сы

- Ла – ла – ла – ла,

- Балақан.

- Ла – ла – ла – ла,

- Алақан.

- Айып тартсақ саспайық,

- Қысылмайық қиналып.

- Кел, ойынды бастайық,

- Келді достар жиналып.

Қ – сы

- Ла – ла – ла – ла,

- Балақан.

- Ла – ла – ла – ла,

- Алақан.

Бәрі қол шапалақтап, өлең қайырмасын айтып тұрып, кінәлі баланы бақылайды. Оны тапқан кезде, айыбына "Маусымжан" әнін немесе би сұрайды. Кінәлі бала айыбын өтеген соң, ойын одан әрі жалғасады.

Бәрі сол балаға бұрылып тұрып, былай дейді:

- Соғылғанда алақан,

- Жаңылдың сен, балақан.

- Шаю үшін кінәнді,

- Көрсет бір өнерінді.

2.4. Қайталау жаттығулары

- Балалар, денемізді бос ұстап, ақырын шеңбер жасап жүреміз.

- Балалар, бүгін біз "Маусымжан" ойын-сауық отауының қандай қимылдарын жасауды үйрендік?

- Енді, балалар, сол "кезек адымын" музыка әуенімен тағы да қайталаймыз.

- Ол үшін алдымен сол тұрған орнымызда бетімізді маған қаратамыз.

- Балалар, "кезек адымында" денеміз түзу, басымыз тік, аяғымыз бір-бірінен сәл алшақ, қатар тұрады.

- Естеріңе тағы да салайын, кезек адымын жасау үшін алдымен сол аяқты алға қойып, оң аяқтың ұшын артқа тірейміз, енді оң аяқты алға қойып, сол аяқтың ұшын артқа тірейміз, осы қимылды алға жылжу арқылы кезек-кезек қайталап отырамыз.

- Кәне, қыз балалар, "сырға" қимылын жасаймыз, оңға қарай қолымызды ашамыз, енді, солға

қарай қолымызды ашамыз.

- "Білезік" қимылын жасау бәріміз орнымызда тұрып, сол қолымызды алдымызға қоямыз, оң қолымызды жоғары қойып, білезігімізді айналдырамыз, төрттік өлшемде қимылдарды жасаймыз.

- "Толқын" қимылында алақанды жоғары қаратамыз, қолымызды жұмып, ақырындап ашамыз. Енді шеңбер жасай жүріп, музыкасыз қайталаймыз.

- Балалар, "Маусымжан" ойын-сауық отауының қимылдарын жасауға дайынсыңдар ма? Ендеше, бастаймыз.

- Жарайсыңдар, балалар.

2.5. Тыныс алу жаттығулары

- Балалар, біз биді жақсы көреміз бе?

- Олай болса, бәріміз тыныс алу жаттығулары кезінде ""Маусымжан"" ойын-сауық отауының қимылдарын ақырын қайталайықшы!

- Балалар, денемізді бос ұстап, ақырын шеңбер жасап жүреміз.

- Қазіргі ойналатын музыка әуенімен бірге тербелеміз.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог:

- Балалар, бүгін біз "Маусымжан" ойын-сауық отауына арналған би қимылдарын жасауды үйрендік.

- Балалар, ойын-сауық отауы дегенді қалай түсінесіңдер?

- Адамдардың жиналып отырып, көңіл көтеруі, би билеп, ән айтуы екен.

- Балалар, қандай қимылдарды жасауды үйрендік?

- Енді, балалар, сол "кезек адымын" тағы да қайталайықшы?!

- Ол үшін алдымен сол тұрған орнымызда бетімізді маған қаратамыз.

- Балалар, "кезек адымында" денеміз түзу, басымыз тік, аяғымыз бір-бірінен сәл алшақ, қатар тұрады.

- Естеріңе тағы да салайын, кезек адымын жасау үшін алдымен сол аяқты алға қойып, оң аяқтың ұшын артқа тірейміз, енді оң аяқты алға қойып, сол аяқтың ұшын артқа тірейміз, осы қимылды алға жылжу арқылы кезек-кезек қайталап отырамыз.

- Үйде айнаға қарап, өз адымдарыңа қарап, қателерінді түзете білуге дағдыланыңдар, жақсы ма?

- Ал, қыз балалар, қандай қимылдар жасауды үйрендік?

- "Сырға", "білезік", "толқын" жасауды үйрендік.

- Жақсы, балалар, қимылдарды ұмытып қалмас үшін, үйде қайталаймыз, сау болыңдар.

Тақырыбы: «Айгөлек».

Мақсаты: «Айгөлек» халық биінің сипатымен мазмұнын түсіндіру. Би қимылының таза орындалуының «Айгөлек» әнінің сөзін дұрыс тыңдап музыкаға еріп отыру би қимылын қалыптастыру. Жаңа би қимылдарын есте сақтай отырып, жүріс тактілері арқылы би қимылдарын үйрету. Бала бойына музыкалық тәрбие мен қатар би ерекшеліктерін өнер тілімен жеткізу.

Іс-әрекет кезендері	Жетекшінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ой қозғаушы	Бидің негізгі қимылдары: I. Ырғақты жүріс.	Балалар жаттығулар орындайды.
Ұйымдастырушы	1-такт. «Бір» дегенде- оң аяқпен алға шағын бір қадам жасалып, «екі» дегенде-қадамдаған оң аяқ	

іс-әрекет	серпілінкіремей, сәл бүгіледі.
	2-такт. «Бір» дегенде-сол аяқпен алға қадам жасалады: осы кезде бүгілген оң аяқтың тізесі серпіле жазылады. «Екі» дегенде-қадам жасалған сол аяқтың тізесі серпілінкіремей, аздап бүгіледі. Келесі тактіде оң аяқпен қадам жасалып, бүгілген соң аяқтың тізесі серпіле жазылады. Сөйтіп, ырғақты жүріс екі аяқпен кезек орындалады; тізені серпілінкіремей бүгіп-жазу арқылы, бос тұрған денені аздап сілкілдікіреп, ырғақты қадаммен жүріп отыру керек. ырғақты жүріс қимылын алға, артқа, екі жаққа, айналып жүріп те орындауға болады. II. Сырнай, секірмелі жүріс. 1-такт. «Бір» дегенде-тізені аздап бүгіп., алға оң аяқпен қадам жасалады. 2-такт. «Екі» дегенде қадам жасалған аяқпен сәл алға қарай сырғанай (екпінді) секіреді. 3-такт. Қимыл сол аяқпен орындалады. Секірмелі жүріс бір орында тұрып та, екпіндей алға жүріп те, бір орында оңға немесе солға айналып та орындалады. III. Ауыспалы жүріс. 1-такт. «Бір» дегенде-оң аяқпен шағын бір қадам алға басылады, «Және» дегенде сол аяқтың ұшымен басып оң аяқтың жанына қойылады. «Екі» дегенде-оң аяқпен алға тағы да шағын қадам жасалады, «Және» дегенде-кідіріс жасалады. Келесі тактіде қимыл сол аяқтан бастап орындалады. Аяқтардың қимылы мен бірге қолдардың буындарын айналдыра қимыл жасалады. Әр тактіге бір рет қол шалақтау. Қолдың білегін айналдыру. Алғашқы қалпы: екі қолды екі жаққа жая, иықтың тұсына көтере ұстау. 1-такт. «Бір» дегенде-оң қолдың алақанын жоғары қаратып, басынан асыра иығының үстіне көтереді, «және» дегенде-қолдың білегін өзіне қарай бүгіп, шынашақ саусағына қарай айналдырып, «екі» дегенде-алақанды жоғары қаратып, қолдың білегін айналдырумен бітіреді. Келесі, 2-тактіде «қолдың білегін айналдыру» сол қолмен орындалады. Оң қол иықтың тұсына түсіріледі. Биге 8,10,12 ұл қыздар жұбы қатысады. Бидің құрылысы: Балалар қол ұстасып, қыздар ұлдардың оң жағында тұрады. I-бөлшек. 8-такт. Қатысушылар шеңбер жасап, бірінші қимылмен оңға қарай 8 қадам (серпінді, ырғақты жүріс) жасады. II-бөлшек. 8-такт. Балалар тағы да ырғақты жүріспен шеңбер жасап,

	солға қарай жүреді. III-бөлшек. 8-такт. Қыздар ауыспалы жүрісті 8 рет орындап, ұлдарды айналып шығады. Әр ауыспалы жүрісте қолдарымен кезекпен-кезек бесінші қимылды жасайды. Ұлдар қолдарымен қолынан ұстап, бір орында тұрып, екінші (секірмелі) жүрісті 8 рет орындайды. IV-бөлшек. 4-такт. Балалардың әрқайсысы екі рет қолдарымен шапалақ жасап, екі жағында тұрғандармен екі рет алақан соғыстырады. 5-такт. Жұп болып тұрған жерлерінде 4 рет ауыспалы жүріспен оңға қарай бір шеңбер жасап шығады да, қайтадан қол ұстасып, үлкен шеңбер құрып тұрады. Одан әрі би толығымен, солға қарай жүріп орындалады. Тек III бөлшекте ұлдар секіртпелі жүріспен қыздарды айналып шығады. Қыздар бір орнында тұрып, 4 ауыспалы жүріспен шеңберді айналып, 4 рет қолдарын жоғары көтеріп, білектерін айналдырады. Жетекшілер балалар - дың қабылдау мүмкіншіліктеріне қарай биді ары қарай дамытуы мүмкін.	
Жетекші жөндеуші	Іс-әрекеттің мазмұнына сәйкес қорытынды сұрақтар қою. Биді музыкамен қайталатып, мадақтап бағалау және ынталандыру.	Сұрақтарға жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Білуі қажет: Би қимылдарын байсалды, асықпай және көңілді орындаулары қажет.

Қалыптасқан түсінік: Балалар би қимылдарын еркін орындайды.